

Дикандар
жанармайдан
тарықпайды



2-бет

Жарнама тілі
жарымжан
болмауы тиіс




3-бет

Ғылымның
жаңа белесі



4-бет



Ауыл дискриминациядан арылады

Алдағы төрт жылдағы ауыл атаулының келешегі кесіп-пішілген құжат бекіді. Ауылды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында тасқа түскен жобалар енді іске асуы тиіс. Тұжырымдаманы дайындауға пәрменді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев таққа отырғанда-ақ берген-ді. 2022 жылдың қарашасында сайланған соң қол қойған алғашқы Жарлық осы еді. Бағдарламаға пара-пар оны кешегі күні Үкімет бекітті. Елдегі 6 295 ауылдың, ондағы 7,5 млн. халықтың мұқтажын шешуді мұрат еткен құжат несімен құнды? Қарағанды аймағындағы 39 кент, 168 ауылдық әкімшілік округтегі 214 мың ауыл адамына тұжырымдама нені тұғыр қылмақ? Тарқаталық...



Сурет интернеттен алынды

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтпай-айтпай не керек, ауылға Үкіметтің айналып соғуы бірінші емес. Бұған дейінгі отыз жылда қырдағы қазақтың еңсесін тіктеуді дйттеген көп бағдарлама болды. Сонау жылы «Ауыл жылы» деп те жарияланғаны есте қалыпты. Алайда, оның бәрі ауылдың жылдар бойы қатпарланған қалың проблемасын түбегейлі шеше алмады. Қайсыбірін тізгендейміз, ауылдың жылдан-жылға жырлауға жететін «жыры» көп еді. Қарапайым тұтынушылықтан бастап, әлеуметтің әлеуетіне тікелей ықпалы бар мәселелердің түйіні тарқамағаны рас-тын.

Дегенмен, зерттеулер соңғы 10 жылда даму әлеуеті бар ауылды қолдау арқылы ауылдағы ағайынның өмірін жақсартуға бағытталған бағдарламаларды жоққа шығармайды. Соның нәтижесінде 2011-2021 жылдары көп ауылға орталықтандырылған су тартылды. Мектептер, емхана, ауруханалар салынды. Десек те, мұның бәрі ауыл мен қала арасындағы алшақтықты жоя алмады.

«Қабылданған шараларға қарамастан, ауылдық жерлерде бірқатар жүйелі мәселе-

лер әлі де шешілген жоқ. Ауыл халқының өмір сүру сапасы қалалықтардан едәуір артта қалып отыр, базалық игіліктер мен көрсетілген қызметтерге қол жеткізудегі алшақтықтар қысқармауда. Елдің шығыс, солтүстік және орталық облыстарынан халықтың көші-қон ағыны сақталып отыр» дейді зерттеулер.

Ұлттық статистика бюросының дерегі-нше, 2011 жылдан бастап, ауыл халқының саны айтарлықтай өзгермеген. Бірақ ауыл-да көші-қон үрдісі әлі де сақталуда екен. Мәселен, ауыл халқының ең көп өшуі Абай, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында бай-қалған.

Ауыл адамының қалаға қарағанда та-бысының 1,7 есе төмендігі де ауылдан кө-шуге әсері жоқ емес. Бұған қоса, талдаулар ауылдық жерлерде аз қамтылған отбасы-лардың үлесі қалалық көрсеткіштен 2 есе артықтығын көрсеткен. Әрбір үшінші ауыл тұрғыны өзін-өзі жұмыспен қамтыған. Бұл болса, олардың жұмысқа орналасу мүм-кіндігінің жоқтығын, олардың әлеуметтік қорғалмағандығын айғақтайды.

Бұл орайда саясаттанушы Айдос Бәдел

«Ауылда күнкөріс барған сайын қиындап кетті. Жұмыссыздық. Мал, жер күтіміне ша-масы келмейтін жағдайға келіп қалды. Қол жетпес бағадағы арнайы техникалар. Мал жем-шөбінің қымбаттауы. Көмірден бастап, тұрмыстық қажеттіліктердің еселеп қым-бат жеткізілуі. Шын мәнінде, ауыл аздаған фермерлер мен қоры бар тұрақты қызмет-тегі адамдар үшін ғана жайлы орын. Көшу себебінің қатарында осылар да бар. Сон-дай-ақ, біріншіден, ауыл адамы «Қала үлкен, қалайда жұмыс табылады» деп ойлайды. Екіншіден, ауыл адамдары әлеуметтік дис-криминацияны сезінеді. Яғни, қаладағыдай жоғары дәрежедегі мектеп, емханалар жоқ», – деген еді.

Сондықтан да, әбден сараланған тұжы-рымдама ауыл мен қаланың арасындағы айырманы азайтуды көздейді. Яғни, ауыл адамының жағдайын жасап беретін жоба-лар қолға алынады. Ол инфрақұрылымнан басталып, шаһардағыдай әлеуметтік маңыз-ды нысандардың бой көтеруіне ұласады.

Жалпы, тұржымдамадағы қағидаттар үш тәсіл арқылы іске асады. Біріншіден, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, ауыл шаруашылығы кооперациясын, сондай-ақ ауылдағы кәсіпкерлікті ынталандыру және



жан-жақты қолдау арқылы ауыл халқының табыс деңгейін арттыру. Бұл тәсілде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, оны өткізудің тиімді тізбектерін жолға қою, сон-дай-ақ ауыл шаруашылығы емес қызмет түрлерінің дамуы ынталандырылады.

Тұжырымдамаға сүйенсек, ұмыт қалған агро, этно және экотуризмнің дамуына жол ашылады. Оларды дамыту үшін тиісті ин-фрақұрылым жаңғыртылады деп күтілуде.

Кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру мақсатында аудан орталықтарында, аудан-дық маңызы бар қалаларда және ірі ауылдық елді мекендерде шағын өнеркәсіп парктерін құру да міндет етіп қойылған.

Екінші тәсілде әлеуметтік, инженерлік және көліктік-коммуникациялық инфра-құрылым дамиды. Осылайша, көрсетілетін қызметтерді ұсынудағы тепе-теңсіздікті қысқарту мақсат. Мұнда жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынады. Ауылдар су және электр жүйесімен үздіксіз жабдықталуы керек. Кең жолақты интер-нет және ғарыштық байланысы тартылады. Ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана, клуб, музей және кинотеатр, спорт ғимараттары бой көтереді. Халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылады.

Ауылдағы инженерлік коммуникация-ларды жүргізу жұмыстары жанданады. Осы мақсатта ауылдық елді мекендерде өз қызметкерлеріне үй салып берген жұмыс берушілердің шығындарын жабу да қарас-тырылған. Мәселен, жалпы аланы 1000 шаршы метрден аспайтын үй құнының 50 пайызы субсидияланады. Үшінші тәсіл-де, ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі шараларды институционалдық қамтамасыз ету көзделеді. Бұл орайда атқарушы билік деңгейлері арасында өкілеттіктерді тиімді бөлу, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелерін заңнамалық реттеу, ауылдық аумақтарды қаржыландыру тетігі жетіл-діріледі.

Мұның бәрі саясаттанушылар айтатын ауыл жиі көретін дискриминацияны жоюға ықпал етеді деген үміт отын үрлейді.

Әлбетте, тұжырымдама шашуа шықпай, толықтай орындалса, ауылдың оналарына шүбә жоқ. Ал, ол жергілікті әкім-қаралар-дың іскерлігіне тікелей байланысты екені де соқырға таяқ ұстатқандай аян нәрсе.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Арқа абадандары «Алаш» сыйлығын алды

Ару шаһар Алматыдан Арқаға ақжолтай хабар жетті. Қарашаңы-рақ Қазақстан Жазушылар одағын-да Әдеби жыл қорытындысы өтті. Жерлестеріміз жазушы Төкен Әл-жантегі мен ақын Бағдат Мүбәрак халықаралық «Алаш» әдеби сый-лығының лауреаты атанды. Жа-зушылар одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы ақын Жанат Жаңқашұлы абыройлы қызметі үшін Алғыс хатқа не болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Төкен Әлжантегі – әдебиеттің ақсақалда-рынан бата алған жүйрік жазушы. «Армысың, ару күн!» әңгімелер жинағы Алматыдағы «Жа-лын» баспасынан 1987 жылы жарық көріп, жыл қорытындысында жоғары баға алған.

Ал, «Алаш» сыйлығы жазушының Аста-на қаласында «Елорда» баспасынан жарық көрген «Ебіл-дебіл дүние» атты хикаяттар жинағына берілген.

Бағдат Мүбәрак – рухты өлендерімен ерте танылған талант. Аз жазса да, саз жа-затын ақынға әдеби сыйлық «Алтынкүрек» өлендер жинағы үшін берілді.

Жанат Жаңқашұлы – облыстық фили-алға төрағалыққа тағайындалған қысқа уақыт ішінде Арқа өңіріндегі қаламгер-лердің атсалысуымен жаңа форматты әдеби кештер өткізіп, қазақ әдебиеті мен мәдени-етінің дамуына үлес қосып жүрген талантты ақын. Мұндай Алғыс хат Астана және Орал филиалының жетекшілеріне ғана берілгенін атап өткен жөн.

• СҮЙІНШІ!

Жерлестеріміз – Азия чемпиондары


Астанада өтіп жатқан Азия чемпионатында 2016 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлде-гері қарағандылық Эльмира Сыздықова 76 келі салмақта қарсылас шак келтірместен алтын алды. Сонымен қатар, 72 келі салмақ дәрежесінде Ибрагим Магомадов ақтық кезеңде ирандық палу-анды жығып, алтын қанжығалады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейінгі біраз жарыста Эль-мира түрлі шындрды бағындырған болатын. Соның бірі – 2021 жылы Азия біріншілігінде алған алтыны.

Сонымен, сайыс санатында Эль-мираға қарсылас болардай палуан-дар баршылық еді. Алайда, айласын асырып, қарсыластарын бірінен соң бірін алып ұрып, ақтық сынға жол-дама алған Эльмира ерледі.

Алдымен өзбек палуаны Озо-до Зарипбаеваның жауырынын жер иісетсе, кейін қытайлық Хуан Вангті тізе бүктірді. Ал, ақтық сын-да қырғыз қызы Айпері Медетқы-зымен белдесті. Қос палуанның күресі ерекше тартысты өтті. Деген-мен, Эльмира айла мен әдіске ден қойып, қара күшке ерік берген қар-сыласын қапы қалдырды.



– Эльмираның бағы жанды. Қа-зақ елінің абыройы асқақтады. Бұл оның соңғы жеңісі емес. Алда Фран-цияда өтер Олимпиада біздің негізгі бой түзер мақсат, – деді Эльмираның бапкері Владислав Сутормин.

Құрлықтық біріншілікті Мәде-ниет және спорт министрі Асхат Оралов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, United Wrestling World – UWW бюросы-ның мүшесі, UWW Азия кеңесінің президенті, КР Грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясы-ның президенті Дәулет Тұрлыханов ашты.

Аталған біріншілікке 24 елден 400-ге жуық спортшы қатысты. Әр күрес түрінен 10 медаль сарапқа салынды. Ал, грек-рим күресі бой-ынша бақ сынаған қарағандылық Ибрагим палуан 72 келіде жанкүй-ерлер сенімін ақтап, жеңіс тұғыры-на көтерілді. Боз кілем үстіндегі фи-налдық белдесуде Ибрагим ирандық палуан Саид Али Имталабфуманиді 5:2 есебімен жеңіп, Көк Туды көкке көтерді.

• БІЛІМ

Колледжде оқу бағдарламасы өзгереді

Жаңа оқу жылынан бастап колледждерде жұмыс беруші талаптары мен өңірлік ерекшелік ескеріле отырып, алты бағыт және 16 пән бойынша жаңа үлгілік оқу бағдарламалары енгізіледі. Олардың қатарында педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, техникалық-технологиялық, көркемдік-технологиялық, аграрлық-технологиялық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бар. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Жаңа үлгілік оқу бағдарламаларында сағат саны мен тақырыптардың мазмұнын 25%-ға дейін өзгерту көзделген.

«Жалпы білім беретін пәндердің оқу бағдарламаларында білім алушылардың ынтасын, қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін бейіндік бағыт ескеріледі. Ол мамандыққа қатысты кәсіби-танымдық қызығушылықтың дамуына ықпал етеді. Мысалы, «көлем» тақырыбын алатын болсақ, оны зерттеу кезінде пән мұғалімі сабақты қозғалтқышы бар шеберханада өткізе алады. Педагог оның қалай жұмыс істейтінін сол жерде көрсетеді, одан кейін студенттермен бірге қозғалтқыш, жану камерасы секілді басқа да элементтерінің сызбасын қарастырады. Маман үшін білім берудің бұл әдісі өте маңызды, бұл тәсілді математиканы оқытуда да пайдалануға болады», – дейді департамент директоры Ернат Жүнісов.

Айта кетейік, колледжде түсетіндердің 80%-ы 9-сынып бітірген түлектер. Олар колледжде алғашқы жылы жалпы білім беретін пәндерді оқиды. Бұрын колледждер жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларына негізделсе, енді пәндер студенттер таңдаған мамандыққа бағдарланған практикалық сабақта оқытылады.

Өз тілшімізден

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Диқандар жанармайдан тарықпайды

Көктемгі егіс жұмыстарының дәл қызған шағында дизель бағасының өсуі фермерлерді біраз әуреге салды. Себебі, «арзандатылған отын облыстың шаруаларына жете ме, жете қалған күнде бағасы қалай болады?» деген алаңдаушылық бар. Бірақ, Үкімет өңірлерге 413 мың тонна арзандатылған дизель бөлінеді деп отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 13 мың тоннаға артық. Көктемгі дала жұмыстарына бекітілген көлем бірінші кезекте жөнелтіледі.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Елімізде өткен жылы дизель отынын шығарудың рекордтық көрсеткішіне, яғни 5,2 млн. тоннаға жеткен болатын. Бірақ, жағдай еліміздің бірқатар өңірлерінде дизель тапшылығы бар екенін көрсетуде. 350 мың тонна көлеміндегі дефицитті қымбат бағадағы импорттық отынмен жабуға тура келген. Биылғы жағдай басқа. Жанар-жағармай қымбаттаса да, дизель отынының бағасы көктемгі егіс жұмыстары үшін нарық бағасынан 20% төмен болатынын айтқан болатын Ербол Тасжүреков.

Ал, Қарағанды облысында биыл көктемгі дала жұмыстарына бөлінген арзандатылған дизель отынына деген қажеттілік – 20,1 тонна. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,5 тоннаға аз. Бірақ, көлемі аз болға-

дені өз-өздерін жұмыспен қамтыған ауыл халқына салмақ түспек. Бірақ, «көпшен көрген ұлы той» деп, жақсылықтан үмітін үзбеген қожалық басшысы Үкіметтің жанар-жағармай бағасын ұстап тұратынына сенімді. Десек те, сұйық отын бағасының артуы ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасына әсер етуі де мүмкін екенін жоққа шығармайды ол. Өйткені, сұйық отынның, оның ішінде ауыл шаруашылығы үшін қажетті дизель отыны қымбаттар болса, өндірілетін өнім көлеміне де әсер етуі қисынды.

Бірақ, фермерлердің бұл қорқынышын вице-министр Ербол Тасжүреков басты. Ол жанар-жағармай бағасының өсуі басқа тауарлардың құнының өсуіне әкелмейді деп санайды. Ол бұны жоғарыда айтқанымыздай, дизель бағасы нарық бағасынан 20% төмен болуымен сәйкестендіреді.

Алайда, ұзақ мерзімді перспективада жанар-жағармай бағасының

Ауыл шаруашылығы вице-министрімен Сауда және интеграция министрі Серік Жұмангарин де келісіп отыр. Ол да азық-түлік бағасының өсуіне алаңдауға негіз жоқ деп мәлімдеді. Серік Мақашұлы Жұмангарин халық бағаның тұрақты болатынына үйренулері керек екенін айтады. Бұл – үнемшіл министрліктің еңбегінің арқасы.

Ал, облысымызда былтыр ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін дизельдің бір литрі 198 теңгеден босатылған еді. Бұл – Үкімет белгілеген баға. Сұйық отын бағасына ресурс ұстаушының, атап айтқанда, жеткізуші оператордың да бағасы әсер етеді. Мәселен, өткен жылы дәл осы ресурс ұстаушы дизель отынының тоннасын 212 мың теңгеден сатқан еді.

– Технологиялық карталарға сәйкес, 2023 жылғы көктемгі дала жұмыстарына арзандатылған дизель отынын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер ақпанда литрін 206 теңгеден алды. Наурыз, сәуір, мамыр және маусым айларында 210 теңгеге өсті. Ал, ресурс ұстаушы, атап айтқанда, «Retail Trade Oil» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің босату бағасы басқа. Атап айтқанда, тоннасы 222 мың теңге, – дейді облыстық ауыл шаруа-



нымен, бағаның күрт қымбаттауы аталған отын арзандатылған бағамен босатылады дегенімен де, облыс фермерлерінің қалтасына әжептәуір салмақ түсіретін тәрізді.

Мәселен, Қарқаралы ауданындағы «Атамекен» шаруа қожалығының басшысы Сламбек Қинаят қымбатшылықтың ешқандай жақсылығы жоқ екенін айтады. Әсіресе,

өсуі агроөнеркәсіптік кешендегі тауарлардың, оның ішінде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың құнына әсер ететінін де жоққа шығармайды.

– Жалпы, сараптамалық бағалаулар бойынша жанар-жағармай бағасының 20%-ға өсуі түпкілікті өнімнің 2-ден 3%-ға дейін ғана өсуіне әсер етуі мүмкін, – дейді Ербол Қуанышұлы.

шылығы басқармасының өсімдік шаруашылығын дамыту және техникалық жарактандыру бөлімінің басшысы Болат Омарбаев.

Болат Мұратұлының айтуынша, 20,1 тонна дизель отыны дала жұмыстарына толығымен жетеді әрі кестеге сәйкес фермерлерге жеткізіледі.

Қарағанды облыстық мәслихаты төрағасының ӘКІМІ

Қарағанды қ. № 2-5/12-15 13 сәуір 2023 ж.

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс II сессиясын шақыру туралы

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс II сессиясы 2023 жылғы 18 сәуірде сағат 11.30-ға (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал, 5 қабат) шақырылсын.

Н.КОБЖАНОВ, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2023 жылғы 18 сәуірдегі кезектен тыс II сессиясының қарауына мына мәселелер шығарылады:

1) Қарағанды облыстық мәслихатының XXI сессиясының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы №271

Н.КОБЖАНОВ, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

«ONAY!»-мен жол жүру оңай

Балқаштықтар қалада қатынайтын автобустарда жол ақысын ONAY! көлік карталарымен төлейтін болады. Қоғамдық көлікте жолақы төлеудің электрондық жүйесін енгізу туралы уағдаластық орнады. Қала әкімі Қайрат Қамзин «Алматы қаласының Көлік холдингі» ЖШС-мен бірге қаланың қоғамдық көлігінде ONAY! электрондық жол ақысын төлеу жүйесін енгізу және талапқа сай жұмыс істеу бойынша меморандумға қол қойды.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»



– ONAY! жүйесінің енуі қаладағы көлік инфрақұрылымының жүйесін жеңілдетті. Біріншіден, жүйе нақты жолаушылар ағынын көрсетеді. Осыған сүйене отырып, маршруттық желіні оңтайландыруға, автобустардың жүру кестесін дұрыс құруға болады. Сонымен қатар, жолаушылар мобильді қосымша арқылы көлік қозғалысын бақылай алады, – дейді шаһар басшысы Қайрат Қамзин.

Айта кетейік, мобильді қосым-

шаға жақын адамдардың карталарын қосуға болады. Мәселен, ата-аналар балаларының қай жерде жүргенін бақылай алады. Баланың автобуска қашан отырғанын және қай аялдамада екенін көре алады. Жасында бұл жүйе Қарағандылық анаға ұлын табуға көмектескен. ONAY! жүйесін Балқашта 2023 жылдың III тоқсанына іске қосу жоспарланып отыр.

БАЛҚАШ

• БРИФИНГ

«Жұртқа жақын полиция»

немесе сервистік модельге көшу сенімді ақтай ма?

Қазақстанда полицияның сервистік моделі алғаш рет жұмысын 2021 жылы бастаған болатын. Бірақ, бірден басталып кеткен жоқ, бұған дейін пилоттық режимде жүрді. Әуелде сынақтан өтіп, жарамды немесе жарамсыздығы анықталғаннан кейін ғана бірқатар аймақтарда енгізіле бастады. Аталған модельге Үкіметтің де, халықтың да үміті зор. Себебі, полиция қызметкерлерінің жанкешті еңбегіне кейінгі жылдары көлеңке түсіп, олардың халық алдындағы беделіне нұқсан келе де бастағаны рас. Ал, жоба табысты жүзеге асса, полицияны – халықтан, халықты – полициядан алшақтатпастан, сапалы қызмет түрі ұсынылмақшы. Сонда өздерін қауіпсіз сезінген адамдардың да полицияға деген сенімі арта түспек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында айтылған «Жұртқа жақын полиция» қағидаты да осы кезде тиімді жүзеге аспақ. «Аталған модель облысымызда қалай енгізілуде, ол құқық қорғау органы қызметіне өзгерістер енгізе ме, ең бастысы – тұрғындардың қауіпсіздік сезіміне әсер ете ала ма?» деген сұрақтардың жауабын өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында алдық.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сауалнамаға 40 мың тұрғын қатысты

Облыста қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік тәсілдерін енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыруға полиция департаменті 2019 жылғы қарашадан кіріскен. Алдымен, облыс әкімінің өкімімен әкімдік, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау басқармалары, полиция департаменті, Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы өкілдері және тағы басқалары кірген топ құрылған. Ал, 2020 жылы жобаны жүзеге асыру үшін Орталық полиция бөлімі таңдалды. Бұл туралы облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру және бақылау бөлімінің аға инспекторы, полиция капитаны

Алмас Қожахметов айтып берді.

– Жобаны енгізбес бұрын әлеуметтік зерттеулер жүргізілді. Ең көп таралған қылмыстар бойынша материалдар зерделенді. Пилоттық аумақтың негізгі проблемаларын талдау шамамен 500 бетті құрады. Жалпы, қауіпсіздік проблемаларының мониторингті мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін 30 ұсыным әзірлеуге мүмкіндік берді. Олар жол қауіпсіздігі, азаматтардың жеке және мүлкікті қауіпсіздігі, тәуекел тобындағы адамдарды қолдау және оларды әлеуметтендіру сияқты аспектілерді қамтыды, – дейді Алмас Шалқарұлы.

Ал, 2021 жылы топ Қарағанды қаласының барлық аумағында масштабтаумен айналысты. Нәтижесінде, облыс орталығы бойынша қылмыстың жай-күйіне толыққанды талдау дайындалып, оның негізінде 2022 жылға арналған ұсыныстар әзірленген. Одан бөлек, азаматтар-

дың өздерінің қауіпсіздігін сезіну, полицияға деген көзқарасы және проблемаларды анықтау үшін онлайн сауалнама жүргізілген. Оған 40 мыңға жуық тұрғын қатысты. Оның нәтижесі тұрғындарды алдымен мүлкікті қылмыстар, бұзақылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, нашақорлық, маскүнемдік, жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселелері көбірек алаңдататынын көрсеткен.

Қауіпсіздіктің төрт негізгі бағыты

Осылайша, жүргізілген жұмыстар нәтижесінде төрт негізгі бағыт анықталған. Олар қоғаммен байланыс, полицияның имиджін арттыру, полицияның материалдық-техникалық жарактандыру және кадрмен жұмыс.

– Қоғаммен байланыс бағыты бойынша тұрғындармен кері байланыс үшін Қарағанды қаласының



учаскелік инспекторларымен әлеуметтік желілерде 200 чат, облыс бойынша 664 чат құрылды. Ал, 2020 жылдың ақпанынан киберволонтерлердің мониторингтік тобы жұмыс істейді. Топқа 400-ден астам күмәнді интернет-сайттарды бұғаттаған 49 волонтер кіреді. Одан бөлек, «Police 102» мобильді қосымшасы іске қосылып, облыс бойынша полициямен шұғыл байланысқа шығуға болатын 22 терминал орнатылды, – дейді Алмас Қожахметов.

Ал, полиция имиджі мен оған деген сенімді арттыру бағыты бойынша «ARMANFILMS» кинокомпаниясымен құқық бұзушылықтың алдын алу және жол қауіпсіздігі туралы сюжеттер жасау бойынша өтеусіз негізде Меморандум жасалған. Оның аясында жол қауіпсіздігі бойынша бірнеше бейнероликтер жарияланып, полиция қызметкерлері туралы қысқаметражды сериалдар түсіру жоспарда.

Арман Шалқарұлы үшінші бағыт бойынша «Қадамдық көлжегімділік» қағидатымен үш жаңа учаскелік полиция пунктін ашылғанын да айтты. Ал, Қарағанды және Теміртау қалаларында «Шыны» учаскелік пункттері пайдалануға берілген. Одан

ке жол бермей шешуге тырысады. Қызметкерлердің кәсіби құзыреттілік деңгейі мен және олардың қызметінің тиімділік дәрежесі қоғамдық пікірдің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Полицияның демократия негіздеріне көшудегі ілгерілеу – бақылауға бағытталған тәсілден қызмет көрсетуге бағытталған тәсілге көшу кезінде ғана қол жеткізіледі, – дейді ол.

Осы орайда сервистік тәсілдің миссиясы – қоғам мен жергілікті мемлекеттік органдар қызметкерлерін нақты аумақта құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету бойынша жаңа тәсілдер мен шешімдерді әзірлеуге, қылмыс пен өзге де құқыққа қарсы әрекеттердің жасалуына септігін тигізетін себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдауға тарту. Ал, нәтижесінде полиция органдарының танымалдылығы артып, жұмыстары ашық болса, азаматтарға деген мейірімділігі мен құрметі де арта түспек.

«Сервистік модель контекстінде полицияның халықпен өзара іс-қимылын оңтайландыру, ең алдымен, полиция қызметкерлеріне деген сенімге, әріптестік қағидаттарына негізделуі тиіс. Ал, сервиске бағытталған полиция қызметі – бұл полиция мен қоғамға қылмыстылық проблемаларын шешу, заңдылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ынтымақтастықтың жаңа әдістерін қолдануға мүмкіндік беретін модель болып табылады», – дейді Сағынған Игенұлы.

Сервистік тәсілдер Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Германия, Франция, Латын Америкасы елдері, Қытай, Жапония және тағы басқа шетелдердің полиция органдарының қызметінде кең қолданылатынын айту керек.

Бағаны тұрақтандыру: жаңа механизм мәселені шеше ме?

Статистикаға сүйенсек, қазақстандықтар табысының жартысынан көбін тамаққа жұмсайды екен. Соңғы жылдары елде ЖІӨ бірнеше есе өскеніне қарамастан, қазақстандықтардың кем дегенде 40%-ы азық-түлік сатып алуға отбасы бюджетінің 59%-ын жұмсайды. Яғни, еңбекақының өсу деңгейі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуіне төтеп бере алмай тұр. Үкімет те әлеуметтік маңызы бар деген азық-түлік түрлерінің бағасын тұрақтандыру туралы айтудай-ақ айтауда. Республикалық деңгейде де, өңірлерде де азық-түлік себетіне кіретін өнімдердің бағасын тұрақтандыру тетіктері қайта қаралып, жаңа түрлері енгізілуде. Облыстық Қоғамдық кеңес те халық көкейіндегі осы мәселені шешуге ат салысуда.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамдық кеңестің заңдылық, адам құқықтары және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссиясы Қарағанды облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың қағидаларын қайта қарады. Аталған комиссия төрағасы Данара Смайыл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру Үкімет үшін де, жергілікті билік үшін де басты міндет екенін айтады.

– Бұрын заңдар 5-8 жылға дейін қабылдана беретін. Ал, қазіргі уақыт ағыны жылдам, өзгерістер көп, олар өз маңызын тез жоғалтуы мүмкін. Сондықтан, кез келген құқықтық-нормативтік актінің өзектілігі екі жыл сайын қаралуы керек. Аталған қағида 2019 жылы бекітілген. Мен басшылық ететін комиссия құжатқа қатысты ескертулер жасады, – дейді Данара Смайыл.

Данара Кенжеқызы әлеуметтік маңызы бар азық-түліктерді сатып алу кезінде басымдық әуелі облыстың фермерлері мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілеріне берілуі қажеттігін көрсетті.

– Комиссия төрағасы ретінде сатып алу әуелі өз өңірімізден жасалып, кейін басқа аймақтардан әкелінуі туралы мәселе көтердім. Маған сараптамаға келген ережеде құр сатып алу деп қана көрсетілген. Бұл Қазақстанның кез келген жерінен сатып алуға болады деген сөз. Мұндай жағдайда біз басқа өңірде тапшылық тудыруымыз мүмкін. Ал, өз шаруаларымыздың өнімі қоймаларда шіріп жатуы ықтимал, – дейді ол.

Бұл ретте ол басқа мәселенің шетін шығарды. Данара Кенжеқызының айтуынша, бүгінде аймақтағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер түсім алып, оны өткізетін қыс, көктем кездерінде өнімдерін сақтайтын жер таппайды.

– Өнім сақтайтын орындар арнайы жабдықталған болуы керек. Барлық фермерлерде ондай мүмкіндіктер жоқ, – деді ол.



Барлық сатып алу шараларын арнайы мамандандырылған ұйым жүргізеді. Ол да Үкімет қаулысымен бекітілген. Бізде бұл – «Сарыарқа» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ. Бюджет қаражаты «Сарыарқа» ӘКК беріледі, ұйым азық-түлікті сатып алып, кейін сауда үйлеріне, әлеуметтік павильондарға жіберіп отырады. Қандай да бір азық-түлік жетіспей жатса, оны да «Сарыарқа» ӘКК шешуі тиіс.

– Бюджет есебінен бөлініп отырған азық-түлік түрлерінің бағасы әр жерде әртүрлі екені рас. Соны реттеудің механизмі жоқ. Әлеуметтік павильондар мен келісім жасалған сауда үйлеріне жіберілетін өнім бағасы бірдей болуы керек. Сонымен қатар, сауда үйлеріне тауарға үстеме ақы қосу мөлшері де анықталмаған. Олардың үстеме қосатыны белгілі, ол – кәсіпкерлік әдіс. Дегенмен, ол 30%-дан не 20%-дан аспауы тиіс деп анықталуы керек, – деп санайды Данара Смайыл.

Мұның алдында комиссия мүшелері Қарағанды және Теміртау қалаларының сауда үйлері мен әлеуметтік павильондарын аралап шығыпты. Бағадағы айырмашылық туралы Қарағанды облысының сауда департаментіне жіберген.




–Иә, ұйымның порталында қазір біраз ақпарат бар. Дегенмен, облыс тұрғындарының әлеуметтік азық-түлік бағасының қай жерде қанша екенін айта алатын не телефон нөмері, не телеграмм бот жоқ. Мемлекет басшысы айтқандай, тыңдайтын мемлекет болудың орнына кері байланыс орнатудан қашады. Кері байланыс – жасалған жұмыстың нәтижесін, кемшілігі болса, жетілдіре түсуге негіз болатын ақпарат. Ақпаратты айтып, бірақ, оның діттеген адамға жеткенін, оның түсін-

ген-түсінбегенін, оның нәтижесін білмейміз деген сөз, – дейді спикер. Дегенмен, Данара Смайыл әуелі аймақтық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерден сатып алу, бізде болмаса, не бағасы қымбат болса, өзге өңірлерден алу туралы ұсынысы ауыл шаруашылығы басқармасынан қолдау таппағанын айтты.

– Қазіргі уақытта бұрын болмаған механизм қолға алынды. Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге ең төменгі мөлшерлемесіне несие береді. Ол да мамандандырылған ұйым арқылы, яғни, «Сарыарқа» ӘКК арқылы жүзеге асады. Бұл бұрын-соңды болмаған механизм. Бұған дейін беріліп келген субсидия тегін, пайызсыз, қайтарымсыз берілген қаражат болса, несие, бірақ, мөлшерлемесі төмен. Жақсы бастама, дегенмен, мұнда да мәселе бар, – дейді Д.Смайыл.

Мысалы, қант өндірушіге несие береді, ол қант жеткізіп береді. Механизмнің қалай реттелетіні туралы ақпарат жоқ.

– Яғни, «Сарыарқа» ӘКК қаражат береді, бірақ онда бақылау жоқ, – деп түсіндірді Данара Кенжеқызы. – Ол корпорация берілген қаражаты қаншалықты орынды қолданды? Басқа бизнесіне салып жібермеді ме? Ешкім жауап бере алмайды.



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

рын, аударымдарын, барлық операциясын көріп отырады. Өзінің барлық активтеріне Ұлттық банк алдында есеп беретін банктердің бергені қандай, ешқандай қадағалау мүмкіндігі жоқ «Сарыарқа» ӘКК бергені қандай? Бұл жерде әңгіме бірнеше миллионда емес. Жүздеген миллион теңге алатын кәсіпорындар бар. Комиссия қарастырды, бірқатар ескертулер енгізді. Оның біріншісі, бағдарламаға жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің қатысуы. Иә, қант бізде өндірілмейді, оны басқа облыстан сатып аламыз. Бірақ, басқа өнім түрлері бар ғой. Одан бөлек, несие алуға өтініш беру кезіндегі максималды сома қалай анықталатыны туралы ақпарат жоқ. Неге біз біреуге 100 млн. теңге береміз де, басқасына 5 млн. теңге береміз? Жарайды, кепілге қоятын мүлкіне қарай делік, басқа критерийлер ше? Банк несие бергенде оның барлық қаржылық жағдайын тексереді ғой, басқа банктер алдындағы берешегі, айналымы, ал, «Сарыарқа» ӘКК-да ондай мәлімет жоқ. Бүгінде бұл шара бастау алды, бірақ, біз ескертулер жасадық, – деді комиссия төрағасы.

Бағдарламаға фермерлердің, ауыл шаруашылығы өнімдері мен тауарларын өндірушілер қатысуы үшін ақпараттандыруды күшейту керек.

Сонымен қатар, мұндай минималды қарыз сомасы әлеуметтік маңызға ие азық-түлік түрлерін қайта өңдеушілерге де беріледі. Нан әлеуметтік маңызы бар азық-түліктер қатарына енеді. Сәйкесінше, ұн шығару компаниялары осы қарызды алуға өтініш бере алады.

– Өтініш демекші, арнайы комиссияның өтініштерді қарау, шешім қабылдау мерзімі айқындалмаған. Ал, шаруаға бұл қаражат қазір керек шығар. Бұл жағы да айқындалмаған. Жазда қоғамдық кеңес бұл мәселеге қайта айналып соғатын шығар. Көптеген басқармалармен сөйлескенде, «бұрын қоғамдық кеңес ес ескертусіз қорытынды беруші еді», «құқықтық сараптамамен мәселе болмаушы еді» дегенді естіп жүрмін. Бірақ, бұл – мен үшін көрсеткіш. Егер біз негізделген қорытынды берсек, келіспеушілер болса, пікір туындаса, біз дұрыс келе жатырмыз деген сөз, – дейді ол.

• МЕДИЦИНА

Емдеу стандарты жаңарды

Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен инфекциялық аурулар кезінде медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырудың жаңартылған стандарты бекітілді. Бекітілген стандартқа сәйкес, инфекциялық аурулар кезінде медициналық көмекті меншік нысанына және ведомстволық бөлінісіне қарамастан, барлық деңгейдегі медициналық ұйымдар көрсететін болады.

Құжатта жіті ауа-тамшы инфекцияларымен, жіті ішек және аса қауіпті инфекциялармен, сондай-ақ, карантиндік инфекциялармен және созылмалы инфекциялық аурулармен ауыратын пациенттерге медициналық көмек көрсету жөніндегі жаңа бөлімдер көзделген. Сонымен қатар, инфекциялық аурулар кезінде жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібі көзделген.

Өз тілшімізден

Үш күнде он екі ота

Қарқаралы аудандық ауруханасында Қазақстан Республикасының Медициналық университетінің постдипломдық білім беру кафедрасының ассистенті, акушер-гинеколог Александр Чупин үш күннің ішінде 12 әйелге ота жасады. Аурухана басшылығының арнайы шақыртуымен келген білікті маманмен бір жылға келісім – шарт жасалған.

– Александр Николаевичпен әріптес болдым. Жұмыс барысында көп тәжірибе алмастық. Маманның білім-біліктілігіне жете қанық болғандықтан аудандық орталық ауруханада науқастарға ем-дом жасауға шақыртым. Жалпы, мұндай ота құны 1 млн-нан асады. Ал, біздің науқастарға бұл міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы жасалады, – дейді аурухана басшысы Дәурен Сейтпанов.

Елдегі жетекші хирургтардың бірі жедел гинекологиялық операцияға маманданған. Жалпы, жатыр ауруларына жасалатын бұндай ота ауданда бірінші рет жасалып тұр. Келесі науқастарға ота жасау шілде айына жоспарлануда.

Өз тілшімізден

• ЖОБА

Жарнама тілі жарымжан болмауы тиіс

Облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы ғимаратында «Көрнекі ақпарат пен жарнама тілін бірздендіру» әлеуметтік жобасының алғашқы отырысы облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Салтанат Әбеуованың қатысуымен өтті. Оған сала мамандары, тіл жанашырлары, қоғам белсенділері және волонтерлер қатысты. Іс-шараны облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма жанындағы Ресурстық тіл орталығының тапсырысымен «Жастар» қоғамдық бірлестігі (облыстық жастар мен балалар ұйымдарының одағы) ұйымдастырды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жобаны жүзеге асыру мерзімі 2023 жылғы 15 сәуір мен 25 қараша (8 ай) аралығын қамтиды. Сәйкесінше, жоба 2024-2025 жылдары жалғасын табады.

Бұған дейін осы бағытта облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен жылына төрт рет, яғни әр тоқсан сайын «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға – сауаттылық!» атты облыстық айлықтар, түрлі әдістемелік түсіндіру шаралары ұйымдастырылып келеді.

– Облыста көрнекі ақпарат пен жарнама тілін жүйеге келтіру мақсатында 2022 жылы рейд жүргізілген еді. Рейдтен соң 9854 нысаннан 3230 кемшілік анықталып, оның 1129-ы түзетіліп, 1073 алынып тасталды. Биыл осы күнге дейін 1105 нысанға рейд жүргізілді. 2022 жылы кәсіпкерлік нысандарға тіл заңнамалары мен байланыс деректері көрсетілген 9772 ақпараттық парақшалар мен қысқаша сөздіктер, 2023 жылы – 728 парақша таратылды. 2022 жылы кәсіпкерлерге арналған 477 ақпараттық-түсіндіру шарасында (семинар, кездесу, т.б.) 6 690 адам, 2023

жылы 47 шараға 525 адам қамтылды. 2022 жылы кәсіпкерлерге тегін аударма мен әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрылған «Жедел желі» қызметі арқылы 5 123 сұранысқа биыл осы күнге дейін облыста 728 сұранысқа жауап берілді, – деді кіріспе сөзінде облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Салтанат Мірәсілқызы. Сонымен қатар, басқарма басшысы бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға егжей-тегжейлі тоқталып, ұсынысын ортаға салды.

Жиында «Халықаралық қазақ тілі қоғамы Саран қаласы бойынша филиал» төрағасы Береке Жарылғапова Қарағанды қаласында орналасқан мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы ұйымдардың, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚРЗ 21 бабы, «Жарнама туралы» ҚРЗ 6 бабына сәйкестігіне мониторинг жүргізу, 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын егжей-тегжейлі түсіндіріп өтті.

– Заңдарға енгізілген өзгеріс



бойынша, кез келген кәсіп иесі дүкенінің немесе ресторанының атауын өзі ойлап табады. Оның жанындағы қосымша ақпараттарды мемлекеттік тілде жазуы тиіс. Ал, өзге тілдерде (орыс, ағылшын) қосымша ақпараттарды қажет деп тапса ғана іледі. Егер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы Заңының 75 бабы сақталмай, деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптар бұзылса, алдымен ескерту, тағы қайталанса, айыппұл салынады. Айыппұл көлемі

Жоба 2020 жылдан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келеді. Биыл төртінші рет қолға алынып отыр. Жоба аясында бұған дейін Теміртау, Саран қалалары қамтылса, биыл Қарағанды қаласында орналасқан 3000-нан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандарды қамту жоспарланған.

Жобаның алғашқы отырысында жұмыс тобы құрамы, көмекші волонтерлер, аудармашы мамандар, ақпарат таратқышы маман бекітіліп, тапсырыс беруші тарапынан жоға-

март Әбіш атқарылатын жұмыстарды атап көрсетіп, құрылған жұмыс топтарын таныстырды.

Бес жұмыс тобы құрылып, жетекшілері бекітілді. Олар – Жомарт Әбіші, Айсултан Жақып, Мақсат Бейсенаев, Эльмира Орынбаева, Жазира Есенхан сынды қоғам белсенділері. Бес жұмыс жетекшісіне 20 волонтер тартылды. Жоба аясында Бақытгүл Мәту есімді журналист және Ұлдархан Бөрібаева, Кәмшат Танашева есімді екі аудармашы қызмет атқарады. Әр жұмыс тобы 600

қоғамдық нысанды аралайды.

Атап айтсақ, жұмыс топтары кәсіпкерлік нысан қызметкерлерін қазақ тілінің қысқа мерзімді курстарына тарту, жарнама және көрнекі ақпарат мәтіндеріндегі қателерді анықтау, түзету және аударма бойынша әдістемелік көмек көрсету, тұтынушыларға қызмет көрсету барысында орын алатын тілдік шиеленістердің алдын алу міндетін атқарады.

Жоба аясында «Сауатты жарнама – сауатты кәсіпкер» акциясы ұйымдастырылды.

Жиынға қатысушылар көрнекі ақпарат пен жарнама тілін безендіру бағытындағы орын алған қателерге тоқталып, шешу жолдарын ұсынды. Онда кәсіпкерлік нысандар мен мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік желідегі парақшаларын қазақшалау, қала көшелеріндегі жарнама экрандарының кәсіпкерлер қарамағында екендігі және басқа да өзекті мәселелер ортаға салынды. Абай ауданы бойынша «Парасат» қазақ тілі қоғамдық бірлестігінің төрағасы Гүлжәмила Әзбай банкматтардың тілін қазақшалап, банкке немесе басқа да қызметтердің жедел желісіне қонырау шалғанда тіл таңдаудың қате екендігін, Қазақстанда барлық жедел желілер тіл таңдау туралы сұрақтың өзін қазақша қою керек екенін алға тартты.

«Атамекен» кәсіпкерлік палатасының облыстық филиалынан, Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасынан, Денсаулық сақтау басқармасынан мамандар жиынға қатысып, болашақта бірге жұмыс атқаратынын жеткізді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КӨКЖИЕК

Ғылымның жаңа белесі

Жаңа ғасырда Қазақстанның техника және ғылым саласы бұрын-соңды болмаған жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындыра алды. Мәселен, пандемия кезінде қазақстандық ғалымдардың COVID-19-ға қарсы отандық вакцина жасауы аса маңызды жетістік болды.

Кез келген мемлекет гүлденуінің кепілі – оның ғылымы, зерттеулері мен өнертабысы. Ел Президентінің бастамасымен ғылым саласы өзінің даму арнасына түсті. Айталық, Ғылым және жоғары білім министрлігінің жеке шығуы, ғылымды қаржыландыру көлемінің артуы, ғалымдарға жағдай жасау, жас ғалымдарға гранттардың көптеп бөлінуі секілді оң өзгерістер бар.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғалымдар саны көбейді

Еліміз жоғары әрі сапалы экономикалық өсу бағытын ұстанады. Алайда, оған ғылымсыз қол жеткізу, әсте, мүмкін емес. Алғашқы қадам жастарды білім мен ғылымға баулудан басталды. Үкімет жас ғалымдарды қолдауға бағытталған бағдарламалар мен шараларды жүзеге асырып жатыр. Мәселен, биыл 28 наурызда Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2022 жылдан бастап «Жас ғалым» жобасы бойынша жыл сайын 1000 грант бөлініп, әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында жыл сайын 500 ғалымның тағылымдамадан өтуіне жағдай жасалды. Жетекші ғалымдардың еңбегіне ақы төлеуді базалық қаржыландыруға 85 ғылыми-зерттеу институты енді, 16 ғылыми ұйымның жабдықтары жаңартылды.

Өткен жылымен салыстырғанда ғылыммен айналысатын адамдар саны артып келеді. Оның ішінде 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесі 46%-ды құрайды.

Ұлттық статистика бюросының былтырғы мәліметі бойынша, Қазақстанда ғылым саласында 21 782 адам қызмет атқарады. Олардың үштен бірінің ғылыми дәрежелері бар, оның ішінде 1697 ғылым докторы, 4165 ғылым кандидаты, 1340 PhD докторы, 293 ғылым докторы атағына ие.

Қарағанды облысының тоғыз жоғары оқу орнының профессор-оқытушылық құрамында 2942 адам бар. Сондай-ақ, 200 адам докторантура бітірген. Бұл – ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы мәліметі.

Бүгінгі таңда қазақстандық ғалымдар шетелдік ғалымдармен қатар медициналық биотехнология, трансплантология, геология, минералды және көмірсутекті шикізатты өңдеу, агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заманауи әзірлемелерге қатысуда. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өкілдерінің жария мәлімдемелеріне сәйкес, 2021 жылдың басында әлемде коронавируска қарсы 200-ге жуық вакцина әзірленген, ал 63 дәріге сынақтар жүргізілген. Қазақстан өз вакцинасын жасаған бесінші ел болды, ал оны пайдалану халықты вакцинациялау үшін қолданылатындар тізімінде жетінші орынға жайғасқан. Сондай-ақ, біздің ғалымдар адам ағзасында коронавирустың бар-жоғын анықтауға



арналған экспресс-тесттерді алғашқылардың бірі болып ойлап тапты.

Қазақ ғылымының тарихы

XX ғасырда Қазақстан ғылымының дамуы академик Қаныш Сәтбаевтың есімімен тығыз байланысты. Қаныш Сәтбаев Қазақстанның металлургиялық картасын тұңғыш рет жасап, жер қойнауының сиқырлы байлығын, пайдалы қазбаларын көрегендікпен ашқан. Сарыарканың металлогендік және болжам карталарын жасап, оны өндіріске қосу арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың бірталай жаңа кен орындары ашылды. Бірталай қазба байлыққа бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді. Ол Қарағандыда металлургиялық завод салуға, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді. Қазақстан ғалымдарының ірі шоғырының ақылшысы, тәрбиешісі болған. Сондықтан да, ол – қазақ ғылымының атасы атанған.

XIX ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған дәуірі. Адам қиялының арқасында қаншама дүние, техникалар жасалды. Жаңа ғасырда жаңа Қаныштар әлі шыға қойған жоқ. Дегенмен, мемлекеттің ғылымға қамқорлығы арқасында талай дүние, жаңа есімдер жарыққа шығатынына шүбә жоқ.

Мемлекеттің ғылымға қамқорлығы

Мемлекет басшысының қолдауымен соңғы жылдары ғылым саласында айтар-

лықтай оң өзгерістер болды. Ғылымды дамыту бағытында бағдарламалық құжаттар бекітіліп, қажетті ресурстармен қамтамасыз етілді.

Биыл 28 наурызда бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ұлттық деңгейдегі қолданбалы мәселелерді

шешу үшін ғылымды дамытуға бағытталған.

Тұжырымдама бойынша ғалымдар санының бір жарым есеге артуы, елдің ғылыми экожүйесін жаңғырту, ғылымның нақты сектор проблемаларын шешуге қосқан үлесін арттыру, бюрократизация, цифрландыру, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» аясындағы жұмыс арқылы ғылым сапасын жақсарту күтіледі.

Біздің елімізде ғылымның дамуына үлес қосатын мекемелер – ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орндары. Мемлекет басшысының бастамасымен мұндай ұйымдардың дамуына көңіл бөлінуде. Айталық, 2021-2023 жылдары республикалық бюджеттен ғылымды қаржыландыру екі есеге жуық өсті. 2023-2025 жылдарға ғылым бюджеті 3,5 есеге ұлғайтылды, барлығы 643 млрд. ғылымға инвестицияланады. Бизнес тарапынан қосымша 6,9 млрд. теңгеден астам жеке қаржыландыру тартылды.

Сондай-ақ, ғалымдарға жағдай жасалуда. Олардың орташа жалақысы екі есе өсті. Мәселен, 2021 жылы ғалымдардың орташа жалақысы 152 мың теңгені құраса, 2022 жылы 252 мың теңгеге арты. 2022 жылдан бастап ғылыми-зерттеу институттарының 700 жетекші ғалымы базалық қаржыландыру шеңберінде жалақымен қамтамасыз етілді. Іргелі зерттеулермен айналысатын жетекші ғалымдар гранттық конкурстарға қарамастан, бұдан былай тұрақты қаржыландыруды ала алады.

Ғалымдарды ынталандыру мақсатында жыл сайын ғылым саласындағы сыйлықтар беріледі. Сонымен қатар, докторантураға түсу үшін гранттар саны көбейтіліп, талаптары да күшейтілді. Олардың шәкіртқақысы 82 мыңнан 195 мың теңгеге дейін өскен болатын.

• КЕЗДЕСУ

Ғұлама ғұмырының ғибраты

Қазақ ғылымындағы геологиялық қызметтің негізін қалаушы, Қазақ ССР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, геологиялық ғалымдар институтын құрушы Қаныш Сәтбаевтың туғанына кеше 124 жыл толды. Күнтізбедегі Ғылым күніне орай, Қ.Сәтбаев атындағы мектепте академиктің еңбегін қамтыған экспозициялық зал ашылды. Арнайы залдағы жәдігерлер Қ.Сәтбаевтың жиен немересі Меруерт Назарованың қатысуымен таныстырылды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақтың тұңғыш инженер-геологы, ғылым докторы, академик және Қазақ ССР Ғылым Академиясының құрылуының бастауында тұрып, оның бірінші президенті болған Қ.Сәтбаев – өмірдің «тар жол, тайғақ кешуінен» аз да болса оның зейнетті күндерін де көрген бірегей ғұламаның бірі. Оның атқарған істері мен ерен еңбегі – ел аузында. Алайда, отбасы мен қазіргі таңда арамызда жүрген туған-туыстарынан хабарсызбыз.

– Менің әжем – Қаныш Сәтбаевтың туған ағасының қызы. Мен оған жиеншар болып келемін. Әкемнің айтуынша, Қаныш Сәтбаев біздің отбасымызға көп көмек берген. Тіпті, үй салып, материалдық-моральдік тұрғыда қолдаған екен. Мен ол кісінің

туғанынан еңбек жолы мен өмірінің соңғы жылдары бейнеленген картиналар арқылы өмір жолын шолып шағын баяндама өткізді.

Академик, геолог және қоғам қайраткері 1899 жылы 12 сәуірде Теңдік ауылынан 1 шақырым қашықтықтағы Айрық деген жерде дүниеге келген. Бүгінде бұл – Павлодар облысы Баянауыл ауданы Сәтбаев ауылдық округіндегі Мұса Шорман ауылы. Дүниеге келген сәбиге Ғабдул-Ғани деген есім берілген. Анасы ұлын еркелетіп Ғани, Ғаныш деп атапты. Артынша баланы барлығы Қаныш деп атай бастаған.

Қаныш Сәтбаев ауыл молдасынан білім алады. Ол араб, парсы тілдерінде оқыған. Мұнан кейінгі екі жыл көлемінде уездегі алғашқы қазақ-орыс мектебінде оқиды.

1911 жылы Қаныш Павлодардағы орыс-қазақ училищесіне түседі. Ол үш жыл



көзін көрдім дей алмаймын. Десек те, ол кісі түзде қандай жарқын, жайдары болса, үйде де сондай болыпты. Мінезі өте жұмсақ әрі жағымды, қарапайым деседі көзкөргендер. Ол кісі кез келген адаммен тіл табысып, өзіне үйіріп алатын қасиетімен танымал болған деп еститіміз. Тарихшымен тарихи тілде, ғалыммен ғалымша, әдебиет маманымен әдеби тілде сөйлескен. Бала-шағамен де солардың тілінде араласып, ойнап, сан қырын таныта білген, – деп атап өтті академиктің жиеншары Меруерт Ғинаятқызы.

Расында, көп жұртшылық жадында Қ.Сәтбаевтың ғылымдағы аты ғана сақталған. Оның отбасы мен әулеті жайлы көп деректі әркім біле бермейтіні бар. Мысалы ғалымның ізін қуып, еңбегін геологиямен байланыстырған қызы Мейіз Сәтбаева туралы да көп білмейміз...

Тарау-тарау тарихты тар уақытқа сыйдыра білген мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымының ұйымдастыруымен экспозициялық залға таныстыру басталды. Онда оқушылар қабырғаға қойылған академиктің

ішінде төртжылдық бағдарламаны меңгеріп алып, артынша Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түскен. Сәтбаевтың денсаулығы сыр бере бастағандықтан, диплом алу үшін емтиханды әкестермен тапсырған. Содан кейін Томск технологиялық институтына түсуге дайындалады.

Арада біраз уақыт өткен соң ол асқынған туберкулезді қымызбен емдеу үшін 1920 жылдан 1921 жылға дейін туған өлкесінде болады. Осы кезде Қаныш Сәтбаев қазақ мектептеріне арнап алғашқы алгебра оқулығын жасауды бастайды. Бұл жұмысты 1954 жылы бітіреді.

Сонымен қатар, іс-шара соңында Қ. Сәтбаев мектебіне «Қазақ халқының мұрасы» кітаптар сериясының Ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттауға бағытталған Қазақ күнтізбесі табысталды. Аталған күнтізбеде барлық қазақ зиялыларының атаулы күндері мен қазақ мәдениетінің айтулы даталары белгіленген. Жоба авторларының айтуынша мұндай күнтізбе облыстық көлемдегі барша қазақ мектептеріне тегін үлестірілмек.

• ОҚУ ОРДАЛАРЫНДА

Инновациялық игілік

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде үш бірдей заманауи зертхана ашылды. Жаңа үлгідегі зертханауар студенттер мен магистранттар, оқытушыларға ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға мол мүмкіндік береді. Озық технологиямен жабдықталған зертханадағы қондырғылар арнайы тапсырыспен Германиядан әкелінген. Мұның өзі университет үшін зор жетістік.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Университеттің Шет тілдер факультетінде бір, Физика-техникалық факультетінде екі оқу-зерттеу зертханасы жұмыс бастады.

Физика-техникалық факультеттің Радиофизика және электроника кафедрасында ашылған «Электроника, аспап жасау және робототехника» оқу-зерттеу зертханасында студенттер мен магистранттарға электронды аспаптарды, микроконтроллерлік құрылғыларды, робототехникалық жүйелерді жобалаудың, құрастырудың және жинаудың заманауи әдістерін оқытады. Зертхана Қарағанды университетінің меншікті қаражаты және «Implementing Dual System in Kazakhstan/Kazdual» (Қазақстанда дуальды жүйені енгізу) бағдарламасы бойынша 618835-ЕКДБ-1-2020-1-KZ-ЕРРКА2-СВНЕ-SP Erasmus+ Халықаралық жоба есебінен қаржыландырылған.

Зертханаға бес заманауи компьютер, дәнекерлеу аппараттары, қуат көздері, заманауи электронды құрылғылар сатып алынған.

Жаңа үлгідегі зертханада «Implementing Dual System in Kazakhstan/Kazdual» бағдарламасы бойынша 618835-ЕКДБ-1-2020-1-KZ-ЕРРКА2-СВНЕ-SP Erasmus+ Халықаралық жобасы, Университеттің ішкі гранты негізінде № 24-ВГ-23 «Әр түрлі орындалатын функцияларды баптау мүмкіндігі бар дыбыстық ақпаратты ойнатудың әмбебап микроконтроллер құрылғысы», «3D басып шығаруды қолдану перспективалары» «Ғылымдағы жаңа есім» жас ғалымдардың ғылыми жобалары бойынша жұмыстар жасалады. Ал, Физика және нанотехнологиялар кафедрасында ашылған зертхана «Оптика және атомдық физика» деп аталады.

– Зертхана – ғылыммен айналысуға мол мүмкіндіктер ұсынатын ғылыми орта, онсыз ғылым



дамымайды. Қазір оптика және атомдық физика салаларын зертханалық жұмыстармен қамтамасыз ету мақсатында 11 зертханалық жұмысты қолға алып отырмыз. Физика – қаржыландыруды көп талап ететін сала. Біз техникамен жұмыс істейміз, эксперименттер жасалады. Шетелдік компаниялардың сапалы қондырғыларын сатып алу жұмыс сапасын арттыратынын ескеріп, қондырғылар-

құрылғылармен жабдықталған зертханада ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік алып отыр. Олар екінші курстан бастап оптиканы, үшінші курстан бастап атомдық физиканы оқиды. Аптасына екі сағат зертханалық жұмыс пен екі сағат практикалық сабақ осы зертханада өтеді. Дипломдық жұмыс жазу барысында жастар қондырғылардың жұмыс істеу принциптерімен терең таны-

айналысады, – деді физика және нанотехнологиялар кафедрасының қауымдастырылған профессоры Тимур Серіков.

Профессордың айтуынша, физиканың өз ішінен бөлінетін салалары өте көп. Олардың барлығына жеке-жеке зертханалық жұмыстарды қамтитын аудитория керек. Алдыңғы жылдарда механика, молекулалық физика, электр және магнетизм аудиториясы қондыр-

ғылармен қамтамасыз етілсе, сол қатарға биыл оптика мен атомдық физика да енген. Алдағы уақытта ядролық физика да заманауи қондырғылармен жабдықталады екен.

Соңғы жылдары университетте жаратылыстану-физика бағытындағы білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің саны артқан. 2021 жылы 38 жас болса, 2022 жылы 46 адам оқуға түскен. Озық технологиямен жабдықталған зертхананың ашылуы сапалы маман даярлаудың алғышарты болса керек. Бөкетов университетінің Шет тілдер факультетінде де педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту мен бағалау, сондай-ақ, студенттер мен оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған мамандандырылған SMART-lab орталығы ашылды. Орталық жұмысы видеолекциялар, MOOC жазу мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, студенттік ғылыми алаң аясында жас ғалымдарды қолдау жұмысына бағытталған.

SMART-lab орталығы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық ғылыми жобасын (№ AP14870390) іске асыру шеңберінде құрылған және цифрлық технологиялар аясындағы педагогикалық, ғылыми-зерттеу, мониторингтік іс-шараларды жүзеге асыруға негізделген.

• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ

Ғасыр ғалымы

«Ғылымда ақиқаттан артық авторитет болмауы керек. Біз әрқайсымыз Кеплерге, Галилейге, Декартқа ескерткіш орнатып, оның түбіне: «Платон – досым, Аристотель – досым, бірақ ең жақын досым – ақиқат» деп жазып қойсақ, кейінгіге жақсы өнеге болар еді».

Ерсін МҰСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Болмысында бояма жоқ, сүйкімі сәбидей, білімі – терең, парасаты – биік Темірғали Көкетайтегі сергек қалпында 85 жасқа толып отыр. Қазақты алты құрлыққа танытып, жаратылыстану ғылымдарының төңірегінде жүргендерге бас шайқатқан ғалымды мерейтойында елемесек, қашан құрмет төріне шығарар едік?! Сонымен, колға қалам ұстадық...

Әлемдегі физик атаулының ұстазы саналатын ұлы ғалым Ньютонның бүгінгі жазбамның әлиқиссасына таңдаған осы бір нақылынан мен қарағандылық профес- сор, «Ғасыр адамы» Темірғали Көкетайтегінің тағды- рын танығандаймын. Өйткені, ол ақиқатты бәрінен биік қояды. Рас, ол – ақиқатқа тік қарай алатын, ақиқатсыз бойына ас батпайтын ғалым.

– Біз – өзіміздің ғылыми тұжырымдарымызды фи- зикалық формулаға бағындыруға барынша тырысатын фанаттармыз. Ал, өмірдің заңы формулаға бағына ма? Әлемдегі ғылыми жетістіктер мен соны жаңалықтардың барлығы – адам ізденісінің жемісі, әрине. Ал, өмірдің формуласына Алла мөр басқан. Сондықтан, Алла ғана – ақиқат, – дейді өзі.

Иә, Темірғали Әбілдаұлы Көкетайтегі – Оксфорд университетінде дәріс оқыған тұңғыш қазақ. Қазақты Әлемге танытты. Бірақ, қазақ әлі Темкеңді танымай келеді. Әйтпесе, өзінің дара дарынымен, әлем ғұламала- рынан кара үзген қарымымен ағылшынды абдыратып, жапондарды жалындырып, үндістерді үздіктіріп, қытай- ларды қызықтырып жүрген «Ғасыр ғұламасын» алақан- нан түсірмейтін жөніміз бар ғой...

Қазақ ғалымын әлем таныды. Мойындатты. Әлем ғалымдарының ашқан жаңалығы мен жасаған тұжы- рымдарына бес жыл бойы сараптама жүргізілген. Жүз жылдықтың (XX ғасыр) дарынды ғалымын анықтау үшін. 1994 жылы Темірғали аға Кембриджден хат ала- ды. Онда «Сіз – Кембриджтегі Халықаралық Биографи- ялық Орталық жүргізген рейтинг бойынша «XX ғасыр- дың Ғұлама адамы» атағына ұсынылған үміткерлердің бірісіз» делінген. Сенген жоқ. Хаттың қайда қалғанын да білмейді. Арада екі ай уақыт өткенде қайтадан хат келеді. Темкең болса, алғашқы хатқа «Жауап жаздыңыз ба?» деп сұраған қызына «Маған оның керегі не?» деген жауап береді. Қызы ағылшын тілін жетік меңгерген бо- латын. Еркін сөйлеп, еркін жазады. Атақ-даңққа мүлде қызықпайтын әке болмысын жақсы білетін ол болашақ «Ғасыр адамының» «Қатты дененің абсолюттік спектро- скопиясы» атты еңбегін ағылшын тіліне аударып, Кем- бридже жолдайды. Жүйірлі уақыт жүйіткіп жатыр. Бұл хаттар туралы ұмытыла бастаған. 1999 жылдың шілде айында «Сіз «XX ғасырдың Ғұлама адамы» атағына лайықты деп танылдыңыз» деген сүйіншілі хабар же- теді. Темкеңнен басқа біреу болса, ректордың терезесін шағып, министрдің есігін сындырар еді. Ал, тұмысынан қарапайым Темағам әлгі хатты тағы жоғалтып алған. «Неге немқұрайды болдыңыз? Әлде, менсінбедіңіз бе?» деген сауалмызға «Сыйлықты тапсыру салтанатына шақырыпты. Оған баратын ақшам қайда?» деген жауап алдық.

Әйтеуір, қазақ үшін жеңіл болмаған XX ғасырдың соңғы күндерінде Англиядан Арқаға абырой келді-ау. Посылкамен жетті. Салмағы 300 грамм болатын таза күміс медалі мен «Ғасыр адамы» мәртебелі атағының дипломы. Сөйтіп, қазақ ғалымының ашқан жаңалығы ғасыр жаңалығына баланып, атағы аспандады. Бірақ, атақ иесі Темірғали аға ортамызда жүр. Аспандаған да жоқ, асқақтаған да жоқ. Осыдан кейін Темірғали Әбіл- даұлына қолқа салу көбейді. Әлемнің танымал универ- ситеттері студенттеріне емес, профессорларына дәріс оқуға шақырады.

2003 жылы Халықаралық конференцияға барған. Жапония физика ғылыми институтының бір ғалымы: «Сіз Темірғали Көкетаевсыз ба?» деді. Танып келіп тұр. Сонда білді – өзін «Ғасыр адамы» атағына ұсынған Жа- пония ғалымдары екенін.

Темірғали Көкетайтегін әлемнен бұрын таныған бір адам бар. Ол – академик Ебіней Бөкетов. Ұлыны ұлы ғана танып, ұлылар ғана бірін-бірі мойындаса керек. Ебіней Арыстанұлы Темкеңді қадірлеп өтті, ал, Темкең Ебіней ағасын пір тұтады.

Темкеңнің Эстонияның Тарту университетінде тағы- лымдамадан өтіп, сонда академик Чеслав Лушиктің жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғағаны (1970 ж.) туралы үнемі жазып жүрміз. Ал, жас ғалым- ның «Мыс пен күміс нондарының сілтілі-галоидтық кри- сталдардағы люминесценция орталықтарының табиға- ты» атты ғылыми жұмысы өз жетекшісінің ғұмыр бойы

шығармаларына тоқталды.

Оқушылар Сүйіндік Жұмабай- ұлына қызықты әрі ойлы сұрақта- рын қойып, тұшымды жауап алды.

«Оқуға құштар мектеп» респу- бликалық жобасы аясында құрылған мектебіміздегі «Отбасы.Оқырман. Театр» атты көркемөнерпаздар үй- ірмесінің оқушылары мен мектеп

шығармаларына тоқталды.

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Оқушылар қаламгермен кездесті

№21 негізгі орта мектебінде Қазақстан Журналистер одағы- нын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері Сүйіндік Жа- нысбайдың шығармашылығына арналған «Тағдырдан туған талант» атты портреттік кеш өтті. Шараны мектеп кітапханасы ұйымдастырды.

Кешке «Ortalyq Qazaqstan» га- зетінің бас редакторы Ерсін Мұ- сабек арнайы шақырылды. Ерсін Қорбайұлы «Орталықтың» жампо- зы болған Сүйіндік Жанысбайдың жинақылығын, тындырымдылығын, байсалдылығын, биік парасатын, терең білімін тілге тиек ете отырып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық

шығармаларына тоқталды. Оқушылар Сүйіндік Жұмабай- ұлына қызықты әрі ойлы сұрақта- рын қойып, тұшымды жауап алды. «Оқуға құштар мектеп» респу- бликалық жобасы аясында құрылған мектебіміздегі «Отбасы.Оқырман. Театр» атты көркемөнерпаздар үй- ірмесінің оқушылары мен мектеп



мұғалімдері Сүйіндік Жанысбай- дың тағылымдық мәні бар «Ескерт- кіш» әңгімесінің желісі негізінде қойылым қойды. Жас өнерпаздар

Сол жылы Мәскеу мемлекеттік университетіне (МГУ) барған. Барлық емтиханнан «5» алды. Алайда, оқуға қабылданбады. Хрущевтің «Жоғары оқу орын- дарына екі жылдық еңбек өтілі бар талапкерлер ғана қабылдансын» деген қаулысы жолын кесті. Ашуланды. Ректорға кірді. «Екі жыл жұмысқа жегілгенде, миймда физиканың қай формуласы қалады?» деп, МГУ-дің рек- торын ықтырды. Ректор жас талапкердің білімге деген құштарлығына риза болды. Емтихан парағын сұратып алып, шекесіне «Екі жылдан соң емтихансыз қабыл- дансын!» деп бұрыштама соғып берді. Өзіне БАМ-дағы Бүкілодақтық комсомол құрылысына қатысуға кеңес берді. БАМ-ға жүрейін деп тұрған жерінен тағы да ағасы алып қалды. «Ауылға бар, әкеңе көмектес» деді. Амал- сыз келісті. Сөйтіп, Сәкен ауылында бір жыл қой бақты, бір жыл жылқы бақты. Жылқы соңында жүргенінде кеудесіне суық тиіп, қатты ауырды. Екі жыл емделіп, МГУ-ға емтихансыз қабылдану мүмкіндігінен айырыл- ды. Бұйырғаны – Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты (қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті) болды. Елден 13 жасында кеткен, араға 21 салып, 1972 жылы оралды. Ебіней Бо- кетовтің ықыпалымен.

Осы жолы үш жарым сағат әңгімелестік. Әлем мой- ындаған қазақты әлемге танытқан ғалым ғой, тағдыры күрделі, өзі туралы айтары мол ғой деген дәлем бар еді. Өзі туралы әңгімеге жарытпады. Қазақтың болашағын айтып қамықты, Ақселеу досын айтып жабықты. Тағды- ры тәлкекке түскен қазақтың тілін айтты, өзегіне құрт түскен ділі мен дінін жырлады. Физиктер мен лирик- терде ұқсастық бар ма, жүрегі – жұмсақ. Ақселеу досын айтса кемсеңдеп, тілді ойласа түңіліп кетеді.

– Мен – көп физіктің бірі ғанамын. Ал, Ақселеу – ұлы тұлға. Мені қайтадан қазақ қылған – Ақселеу. Әйт- песе, мен физикалық формуладан басқа ештеңені ойла- маған, ойламайтын фанат едім. Менің ғұрпым да, ұлтым да физика болып кеткен екен. Ақселеу мені қазақы қал- пыма ғана емес, адам қатарына алып келді, – деді де, ауыр күрсінді.

– Сонда, ғылым жолындағы тағдырыңызға өкінесіз бе?

– Жоқ, ғылымға арнаған ғұмырыма өкінбеймін. Бірақ, өз ұлтыма қызмет ете алмағанымға өкінемін. – Мүмкін емес! Сіз қазақты әлемге таныттыңыз. Одан артық қандай қызмет етуіңіз керек еді? – Мен физик болмай, тарихшы болғанымда, қазір сол қалпы өтірік жазылып жатқан тарихтың бұрмала- нуына қарсы тұрар едім. Тіліміздің осынша мүшкіл хал- ге түсуіне жол бермейтін едім. Ұлттық құндылықтарды қызғыштай қорып, рухқа қызмет етер едім. ...

Әңгіменің осы тұсына келгенде, ағамның жанары- на жас іркілді. Неткен шынайылық! Ұлтқа деген дәл мұндай дәрежедегі сүйіспеншілік – сирек кездесетін құ- былыс. Тәңгі болдым.

– Қазақ – ұлы халық! Мұндай ұлы халықтың рухсыз күйге түсуін көру – қасірет. Ал, мүлде жойылып кетуі мүмкін емес!

Әңгіменің осы тұсына келгенде, ағам рухтанып, қыннан суырылған қылыштай жарқылдады. Мен бол- сам, «XX ғасырдың Ғұламасымен» емес, XVIII ғасыр- дың нас батырымен кездесіп отырғандай әсерге бөлен- дім.

– Мен әлемнің бірқатар елдерінде болдым. Әртүр- лі аудиторияда дәріс оқыдым. Әр елдің салт-дәстүріне, ұлттық болмысына көңіл аударасын. Жапондардың ұлт- тық идеологиясын, ағылшындардың ақсүйектік болмы- сын көргенде, өзімнен-өзім қорланатын сәттерім көп болды. Өзінің ана тілінде білім алып, өз елінің тарихын оқыған ұлттың ғана ұрпағы шексіз бақытқа кенеледі. Осы тұрғыдан алғанда, біз дүбара ұрпақ тәрбиелеп жа- тырмыз ба деп қорқамын.

Әңгіменің осы тұсына келгенде, ағамның түнерген жүзінен түңілу байқалды. Мен де үрейленіп кеттім. Ба- сылымдардың біріне берген сұхбатында «Ақселеу адал досым болды. Одан айырылған күні өзімді бос кеңістік- ке айналғандай сезіндім. Сол 2009 жылдың қыркүйек айынан бері қаңырап қалған әлеммін», – деп еді. Осы сөзі ойыма оралуы сол екен, бойым тітіркеніп кетті. Ағамның жалғызсырап жүргенін сездім. Сол жанымға багтты.

Әйтпесе, абыройдан кенде емес. Қазақстан Республи- касы Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары және Халықа- ралық Ақпараттандыру академияларының академигі, ғылым мен техника саласы бойынша Халықаралық Со- крат сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Жаңаарқа ауданының, Қарағанды қаласының және Ұлы- тау облысының Құрметті азаматы. Осының барлығынан туған халқының ыстық ықыласын биік қояды.

...ҚарМУ-дің физика факультеті орналасқан ғима- раттан екеуіміз бірге шықтық. Көлігің оталдырып, «Сұр- жекейіне» (75 жасқа толғанда Жаңаарқа ауданы сыйға тартқан көлігінің түсі – сұр) қамшы басты. Бас ғимарат- тың алдындағы бағдаршамның қызылына тоқтаған жоқ. Көлденең жолдан кедергі жоқ, өйткені. Ұлттың жоғын іздеген жоқшыларға жиі жанатын қызыл шам ғой – ол. Бәрі осылай Темкең секілді тоқтамай өтсе, шіркін...

мен мұғалімдер өз ролін жоғары

денгейде ойнап шықты.

Сөз алған портрет иесі Сүйіндік Жұмабайұлы мектептің жас өнер- паздарына ризашылығын білдіріп, кітаптарын сыйға тартты. Жастарды кітап оқуға баулудың түрлі тәсілдері бар. Шығарманы

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Еңбектен қол үзбеген азамат

Қоғам – алып айдын. Ал, еңбек адамы айдын бетіндегі желкен керген кеме сынды. Бірінсіз бірі жоқ. Бұл сексенінші жылдар еді. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан бір топ жас түлек арманы арқалап Отанның әр қиыры- на кетті. Қолына аттестат тиген отыз жастың бірі жоғары оқуға түссе, бірі техникум табал- дырығын аттап жатты. Енді бірі еңбек жолын қуып, туған топыраққа табан тіреді. Сөз еткелі отырған кейіпкеріміз – тракторист Ерғали Дүйсебеков.

Біреу білсе, біреу білмес, Кеңес дәуірінде Ақтоғай ауданында қой шаруашылығы қарқынды дамыды. Ол шақтағы біз секілді оқушыға бәрі қызғқ. Әсіресе, мек- тең бітірер мезгілде аудан басшылары «екі жыл еңбекке араласып, қой бағындар. Содан соң, қай оқуға түссендер де ерік өздерінде. Аудан атынан жолдама береміз» деп еңбекке жұмылдыратын.



Әлі есімізде, ауылдық мектепті тәмамдаған сынып- тастарымыз Шынар Жүнісова, Нәсіпгүл Алтынбекова, Айдар Сәтмағамбетов, Ерғали Дүйсебеков келісімшарт негізінде «Кеншоқы» совхозында қой баққан еді. Сол Ерғали асқаралы 60 жасқа келгенінше еңбек адамы де- ген кәстерлі атты арқалап жүрді.

«К-701» тракторын тізгіндеп, совхоздағы көмір, құрылыс материалдарын тасу сынды жұмыстарды аткарды. Кеншоқыдан Қарағанды 170 шақырымдай ша- мада. Балқаш қаласының шалғайлығы тіптен 300 шақы- рымға жуықтайды. Алып техниканың баяу жүрісіне екінің бірі шыдай бермесі көдік. Қазақстан егемендігін алған 1995 жылдары совхоз атаулы тарап жатқан тұста да Ерғали еңбектен қол үзбеді. Ауылдың ақпөйіл жұр- тының қиын-қыстау күндерінде отын-суын тасымалдап, қол ұшын созды. Қолғабыс етті. Жекешелендіру зама- нында атпал азамат темір тұлпарымен жергілікті шаруа қожалықтарының егістік алқабын жыртып, шөбін ша- бысты. Халықтың алғысын арқалады.

Қазір Ерғали Дүйсебеков қол қусырып отырған жоқ. Ауылдың жастарын шөп шабу, егін егу, техника жөндеу- ге баулып, тәжірибесімен бөлісуде.

Мейрамбек БАЕКЕНОВ, «Чернобыль» ардагері

• БӘРЕКЕЛДІ!

Батыл бала – Нүриден

Желтоқсан айында №36 орта мектеп қызметкері Надира Акишованың үйі өрте- ніп, 3 сынып оқушысы Нүриден Амантай (10.12.2014 ж.) екі жасар қарындасы Рабияны өрттен аман алып шыққан еді. Нүриденнің баталдығын бағалаған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев оқушымен кездесіп, Алғыс хат табыстады.

Оқу-ағарту министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитетінің ұйымдастыруымен отбасылық тәр- биені және ерлік көрсеткен оқушыларды насихаттау мақсатында өткен шараға Қарағанды қаласынан №36 орта мектептің 3 «А» сынып оқушысы Нүриден Аман- тай қатысты. Республика бойынша 11 оқушы ата-ана- сымен Астананың көрікті жерлерін аралап, танымал спортшы, әнші, өнер адамдарымен кездесті.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевпен және Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдыр- әлімен жүздесті. Арнайы марапаттар мен жазғы демал- ыс лагеріне тегін жолдама алды.

Өз тілшімізден

оқып, талдап, өздері сценарий жа- зып, өз-өзіне режиссер болған ба- лаларға мектеп басшысы Нұрбол Күнәдiлов баға берiп, ақ жол тiледi. Сондай-ақ, шараның маңыздылығы- на тоқталып, қонақтарға алғыс бiл- дiрдi.

«Ortalyq Qazaqstan» газетiнiң ар- дагер журналисi Сүйiндiк Жанысбай ағамыздың жазған дүниелерi тасқа басылып, аймақ жұртшылығының рухани азығына айналды. Міне, осындай ірі тұлғаларымызды көзі тірісінде құрметке бөлеу – біз үшін де асқақ абырой.

Іс-шараның толық бейне полу- ын @osh_21Karaganda youtube ар- насынан көре аласыздар.

Алматұл БЫҚАҚОВА, №21 негізгі орта мектебінің кітапхана меңгерушісі



• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

Бұқар жыраудың мәмілегерлігі

Бұқар жырау Қалқаманұлы – көптеген тарихи оқиғаның тікелей куәгері. Тәуке хан тұсындағы белді билердің бірі де, бірегейі. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде қазақ халқымен бірге жаумен күрескен. Абылай хан тұсында мемлекет мәселелеріне атап айтарлықтай белсенді араласқан. Ханның бас ақылшысы, қабырғалы биі ретінде, ел тіршілігіндегі түйткілдердің оң шешілуіне өлшеусіз үлесін қосқан тұлға.

Бұқар жырау арабшаны өте жақсы меңгеріп, жан-жақты білімдар болған. Оның жырларының 1200 жолы ғана біздің заманымызға жеткен. Олар XIX–XX ғасырларда ел аузынан алынған. Оның шығармашылығынан, идеялық қайшылықтарынан сол кездегі қилы заманның қиындықтары айқын аңғарылады. Заманның аумалы-төкпелі болып келуін жырау «занды құбылыс» деп санайды. «Жалған дүниеде мәңгі ештеңе жоқ, адамзаттың тұрмысы ғана емес, табиғат құбылыстары да өзгеріске ұшырайды» деп түйіндейді. Қазақтың үш жүзінің басы қосылып, бір орталыққа бағынған куатты мемлекет болуын ақ арманның канатына іледі. Сондықтан, Абылайды «осы арманды жүзеге асыруды» деп ойлап, оны ісімен де, өнегесімен де, ағыл-тегіл жырымен де қолдайды. Хандықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында тыңғылықты күреседі. Бұқар жырау патша үкіметінің басты мақсаты – отарлау екенін ханға да, халыққа ұғындырады. Шығармаларында заманның көкейкесті мәселелерін сөз еткен ол – ел-жұртты пәтуалыққа, татулыққа, қаһармандыққа шақырған. Абылайдың хандық эттегенайларын да бетіне айтып, үгіт-насихат, ғақлия текті философия-афористік толғаулар жариялаушы.

Жаугершілік заманда сергелденге түскен аз Тәуке хан орда-сымен Түркістаннан әрі Бұқара-Шәріпке қоныс аударды. Осы жерлерді қазақ ертеден өз жерім деп иеленіп, еркелетіп Жиделі Байсыным дейтін. Осы жерге келіп, ел есін жинаған уақытта аз Тәуке хан ерекше жарлық қылып, қалмақ контәжісі Қалдан Бесоктыға елшілік дайындауға кіріседі.

Елшіліктің абыр-сабыры кезінде нәрестелі болған Қалқаман батырдың шаңырағына аз Тәуке өзі келіп, жөргектегі нәрестенің маңдайынан иіскеп: «Ел-жұрттың қамын ойлар азамат болсын. Ғұламалардың қаласы – Бұқара шаһарында туды, кеудесіне ой-зерде қонған бала болсын» деп есімін Бұқар қойған. 12 жасқа келгенге дейін «мылқау бала» атанған, тек мүшел жасқа келгенде ғана тілі шыққан. Шыққанда да жай сөйлемей, жырлап сөйлеген көрінеді. Мылқау бала болғанда тілі жоқ бала емес, көп алдында үндемей, тыныштықта толғанған.

Бұқар жырау саналы ғұмырында аз Тәукеден бастап, Қайып, Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Күшік, Әбілқайыр, Барақ, Абылай сынды тоғыз ханмен иық тіресе қызмет еткен. Толғауларымен талай тарихи оқиғаны басынан кешкен. Әз Тәуке ханнан кейінгі хандармен ортақ тіл табыса алмаған Бұқар тек қана Абылай ханның бас ақылгөй биі болған. Ол Абылай ханға үлкен үміт артып, оның ел басқарудағы саясаты мен жорықтарын сәуегейлікке жүгіне отырып қолдаған. Абылайдың іс-әрекеттерін бірде құптап, бірде күзеп қойған. Зор мәнді әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі келелі кеңеске көнбеген тұста ол ханды аяусыз сынап, ащы шындықты бетіне айтқан.

Қалқаман батырдың баласы бола тұра Бұқар жұрт қатарлы өмір кешкен. Алайда, жыраудың бақыты – жарда да, малда да емес екенін өзі былай деп айтады:

– Қазына қайда? – деген Абылай ханға Бұқар жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына. Бір езуі – алтын, бір езуі – күміс, аузы – қазына» – депті.

Бұқар жыраудың толғаулары бүгінгі күнге толық жетпегені

«Адамда екі түрлі мақсұт бар: оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Бастапқыны көксеген адам зулымдық, қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниетпен басқа іздеуіні жоқ».

Шаһкәрім



өкінішті-ақ! Жыраудың жырларын таңнан таң асырып, күннен күн асырып, шаршау мен шалдығуды білмей, шумақ-шашу нөсерін ақ жауындай сіркірететін күміс сақалды қарияларымыз дүниеден өтіп кетті.

Мәшһүр Жүсіп Бұқар жыраудың өлмес жырларын жас шағынан жаттап өскен. 800 жолдай жыр көшіріп, көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпақтарға аманаттаған. 1927 жылы түсіне кірген аян бойынша, Далба тауының етегіндегі 400 қорым арасынан бабаның жатқан жерін анықтап, басына қызыл тастан белгі қойған. Ал, кейін Шопанай Әмірхановтың бастауымен 1993 жылы 325 жылдық тойы ресубликалық деңгейде аталып өтті. 1990 жылы Қытай астанасы Пекиндегі байырғы Маңжың патшалығының қоймасы аталатын Хуаншишың сарайында сақталып келген 940 жолдық Бұқар жырау-

дың 36 толғауын белгілі тарихшы Мұхтархан Оразбайұлы тауып, қазақ халқына жеткізді.

Бұқар жыраудың есімін жаңғыртуда Үлгі ауылының тумасы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Шопанай Әмірхановтың сіңірген еңбегі орасан зор. Еңбегі бағаланып, Ботақара кентінің бір көшесіне Шопанай Әмірхановтың есімі берілді. Жұландының жанынан Бұқар жыраудың алып ескерткіші бой тіктеді.

Бұқар жырау – қазақ халқының тарихында мәңгі өшпес із қалдырған, халқымыздың бірлігі мен елдігін сақтап қалу мақсатында Абылай тәрізді өте ықпалды ханның бас кеңесшісі санатында қисапсыз мол еңбек сіңірген қоғам қайраткері, терең философиялық, парасатқа қанық толғаулардың көл-дариядай ағыны, күміс көмей, жезтандай сәуегейі, өз заманында-ақ халқының бел ортасында

«Көмекей әулие» атанған жырау.

Бұқар жыраудың өсиеті
Бұқар жырау маңайындағы күтушілерінен «Далаға алып шығындар» деп өтініш жасады. «Күздің қара суығында далаға шыққаныңыз не?» дегендеріне көнген жоқ. Қара бұлтты аспаннан сыр тартқандай қарт жырау көкке қадала қарады – сәуе көргені ме, Тәңірімен тілдескені ме, әлде жырау рухы жеті қат көкті шарлап соны қайтара алмай тұр ма?! Бір уақытта жырау күбірлеп дұға оқыды да баяу қимылмен қарсы беткейдегі қараған дөңді нұсқады. Сол тұсқа көз тіккен туған-туыстарына қарап: «Мені дүниеден қайтқанда аманатқа Әзіреті Сұлтанға апарып қоймаңдар. Қыс ішінде әуре болып, қарбаласқа түспендер. Маған осы Сарыарқаның төсінің топырағы бұйырсын. Әйтпесе, елдің құты қашады, ырысың кетеді. Басыма қорған тас үймендер, әспеттеп бейіт көтермендер. Менің кием осы Сарыарқаға ие болсын. Қазақтың ендігі Жиделі Байсыны – осы жер», – деді.

Көп ұзамай фани жалғаннан қазақтың киесі атанған Көмекей әулие Бұқар баки сапарына, мәңгілік өмір жұртына аттанды.

Әл-Фарабиді әулие-әнбиеге, Бұқар жырауды кемеңгер-көріп-келге, Абайды ғұлама-ләкімге балаймын. Қазақы геннің, қазақы қолдың, қазақы әлемнің әудемжарын осындай ата-бабаларымыз бен болашақ ұрпақтарымыздан көрдік және де әрі қарай көре береміз.

Мұндай дана-данышпандарды ең алдымен, біз қазақ өзіміз, танып-біліп, олардың ашқан жұлдызды жаңалықтары мен жарық көрген жарқын шығармаларын өзге-басқа ұлттардың тіліне тәржімалап-аударып, сүйіншілеп жүруіміз алтын қаламды ұстай білетін, ой, сана-сезімі қосқанатты, зерде-елегі заңғар азаматтардың ұрпақтық парызы.

Бұқар жырау азаттық жолында ерліктің, қаһармандықтың небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың шынайы әдеби бейнесін көрсетті. Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасан», «Ай, Абылай, Абы-

лай», «Қазақтың ханы Абыл-ай», «Ханға жауап айтпасам», «Басына біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі сипатталып, қазақ тарихының тұнығын мөлдіретеді, тарихшыларға қазақ тарихын тастүйіндейді.

Бұқар жыраудың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәуірінің жазбасы. Ұлтының тамаша рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, ұстара тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан қалдырмаған. Ақыл-ойы дархан «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстануына, дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге ықпал жасады. Бұқар жырау толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зулымдық әрекеттері әшкереленді.

Бұқар жырау шығармаларының текстологиясы әлі күнге дейін ретке толық келтірілмеген. Жыраудың мұраларын табу мен зерттеу уақыт ұзаған сайын қиындай түседі. Бұл мәселеде архивтік мұралар ғана ғалымдарға көмектеседі деп ойлаймын. Мұраның барлығын тауып, ел-жұртқа жеткізу үшін Мәшһүр Жүсіп пен Шоқан Уәлиханов сынды сырбаз да, сұңғыла да ғұламалар керек-ақ. Бұқар жырау ауданы, Ботақара кентінде тұратын, бұқартанушы, Қалиаскар Шыныбектегінен үмітім зор. Себебі, ол – ұлағатты ұстаз, зерттеушілік қарым-қабілеті сергек азамат. Аудан орталығының тарихи атауы Ботақараны 100 жылдан кейін өз орнына қайтып келуіне бір адамдай өзінің үлесін қосты.

Айналамызға көз салсақ, еліміз бен жеріміздің ертеңіне алаңдаймыз. Болашағымыз бұлынғыр болмауы үшін Бұқар жырау сынды мәмілегерлер қазақ халқына ауадай қажет. Мәміледе болу – халықаралық бейбітшіліктің алтын кілті, өзара түсіністіктің алтын кепілі.

Максұтхан АҚЫШТЕГІ, ардагер ұстаз, өлкетанушы

• МӘСЕЛЕ

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы...»

Соңғы кезде қазақы фильмдер көптеп түсіріліп, кино өндірісі қарқынды дамуда. Бір кездері «аз» дедік. Енді, көбейген соң сапа іздеуіміз заңды. Оның үстіне, қазір, екінші бірі – кинорежиссер. Телехикая, веб-сериалдар елге таптырмас алданыш болып тұр. Солардың кейбіріндегі былапыт сөздер алғашында құлаққа түрпідей тиетін. Ақырындап, етіміз үйреніп барады. «Өмірдегі шындық» десек те, бұл – үлкен трагедия. Өйткені, бала-шаға түгел интернетте отыр. Олар боктаумен қоймай, не қазақша емес, не орысша емес түсініксіз тілдерімен баба тілімізді де шұбарлап бітті. Амалсыздан қолға қалам алдық...

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шындығында, қазір теледидар қарайтын адам аз. Әр үйде интернет бар. Ютубқа кіріп қалсаң, қаптаған қазақ тілді фильмдер. Оның сапасы тәуірі бар, мүлдем сапасы сын көтермейтіні де баршылық. Жайдарманшы, КВН-ші, сықақшының бәрі актер, бәрі режиссер қазір. Жарысып сериал түсіріп жатыр. Оны телеарнаға беріп әуре болмайды. Ютубқа жүктей салады. Сол арқылы табысты күреп тауып отыр. Оған «веб-сериал» деп ат қойып, айтар таққан. Жастардың жұмыс істеп, интернеттен табыс тапқаны жақсы, әрине. Бірақ, табыс табам деп, ұлттың тілін, мәдениетін келеке қылуга болмайды ғой. Жуырда «Донор» фильміне барғанда бас кейіпкердің шешеден боктағанына мәз болған жастарды көрдім.

– Бұл үрдіске қарсымын. Өтімді қылудың жолы ғой. Жаман нәрсе тез қабылданады. Сол фильмдердегі анайы сөздерді жастар жаттап алып, ұран қылып айтып жүр.

Бұл – ұрпақ тәрбиесіне өте қауіпті. Боғауыз сөзі бар фильмге тыйым салу қажет. Мен де бірнеше фильм түсірдім. Бірде-бір анайы сөз қосқан емеспін. Балаларымызбен боктап сөйлесіп отырсақ, не боламыз? Жаман сөз көп айтылған жерге жамандық

үйір болады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демей ме? Осылай жалғаса берсе, соңы жақсылыққа апармайды, – дейді тәжірибелі режиссер Қаршыға Иген.

Жастар жағы қалдырмай көретін «Сержан братан», «Зом-

бәріміз отбасымызбен осылай табыс қуып кетсек, болашағымыз не болмақ?

Бұл туындылар үлкендер мен балаларға арналмаған десек те, интернет бәріне ортақ қой. Кейде ақсақалдармен отырғанда ко-



беты», «Шекер», «Қарапайым Қайрат», «5:32», «Жездуха», «Азартник», «Сәке» сынды телехикаялардың денінде былапыт сөз қаптап жүр. Тіпті, еліміздің барлық кинотеатрында көрсетілген «Пацанские истории» фильмін көрсеніз жағаңызды ұстайсыз. Бұлардікі құдды фильм емес, боктау сайысы сияқты. Ар, намыс, ұят дегенді ысырып қойып,

сып қаласың. Боктай жөнелгенде кірерге тесік таппайсың. Талғамның соншалықты төмендеп кеткеніне қынжыласың да қоясың. Бірақ, осы сияқты сериалдар миллиондаған қаралым жинауда. Ел де осылардың келесі бөлімін асыға күтіп отырады. Дені комедия жанрында. Бұлардың бір ерекшелігі жұмыстан шаршап келгенде шаршағаның шығады.

туындылармен өскен ұрпақпыз. Солардан үлгі алдық. Жақсылық пен жамандықты айыруды үйрендік. Соларға еліктедік. Мұндай фильмдер қазір де бар. «Қазақ хандығы», «Жаужүрек мың бала», «Анаға апарар жол» сынды фильмдерді көзіміздің жасын сүртіп отырып, рухымыз тасып отырып, рахаттанып көреміз. Ал, егер қазіргі жас ұрпақ мәдениет-

тен жұрдай, боғауызға толы, бір-бірімен сүйісіп жататын тәртіпсіз киноларды көріп, соларға еліктесе, ертеңіміз бұлынғыр ғой, қарағым. Бұған шектеу қойып немесе басқа бір жолын қарастыру керек. Ең болмаса, үйдегі тәрбиені дұрыстайық. Боктамайтын ұрпақ өсіріп жеткізсек, фильмдер де былапыттан арылмай ма? Сондықтан, жастайынан әдептілікке баулиық балаларымызды. Әйтпесе, мына заманның ағымы өте қауіпті, – дейді алтын құрсақты ана Тамара Абдуллаева.

Негізі, 18+, 21+ жас санатына арналған мұндай фильмдерге шектеу жоқ. Алайда, бұл немкеттілік отбасы құндылықтарына, тұтас ұлт тағдырына кері әсер етіп отырғанын түсінетін уақыт әлдеқашан жеткен.

– Біз жастар жасанды сценарий мен театр актерлерінің ауыр сөздерінен жалықтық. Ондай дүниелер қазір қызықсыз. Драма көргіміз келсе, театрға бару қиын емес. Театрдың аурасын киноға тықпалау артық. Бізге еркін, түсінікті фильмдер керек. Жастардың пікірімен де санасу қажет деп ойлаймыз. Боктамайтын адам жоқ. Бәрі боктайды. Оның несін жасырамыз. Керісінше, фильмдердегі анайы сөздердің сырт көзге жаман көрінетінін, құлаққа түрпідей тиетінін біліп, боктауды азайтып жатырмыз. Жаттап алып, айтып жүргендердің тәрбиесі дұрыс емес шығар. Тәрбиесі мықты адам ондайға еліктемейді. Сондықтан, оны ауқымды проблемаға айналдырудың қажеті жоқ, – деп ойын айтты жас көрермен Ескелді Ниязбеков.

«Кинематография туралы» Занның 8-бабының 3-тармағында «Қазақстан Республикасының аумағында «21 жасстан бастап» жас санаты бар фильмді кинозалдар мен осы мақсаттарға арналған

өзге де орындарда жергілікті уақытпен сағат 22.00-ден кейін таңғы сағат 06.00-ге дейін прокаттауға жол беріледі» деп жазылған. Осы бағыттағы туындылардың кинотеатрларда кешкі сағат 18.00-ден бастап көрсетіліп жүргені елге аян. Бұғанасы бекімеген, оң-со-лын танымаған жасөспірімдер мен жастар осыларды жаппай тамашалауда. Жана Қазақстанда жаңарамыз деп жанталасып жатқанда заңды белден басып, осындай сорақылыққа жол беріп отырмыз. Жаман тұстарын жаттап алып, жастарымыз күнделікті бір-біріне айтып мәз.

Ал, енді қазақша түсірілген «Отынды өшірме», «Жайна», «Өз үйім» сынды телехикаяларды көрген сайын көргің келеді. Бәрі жарасымды. Диалогтары таза, тәлімге толы. Мысалы, «Жайна» телехикаясы 27 жастағы тұрмысқа шықпаған қыздың өмірі хақында. Соңғы оныншы сериясы теңін таба алмаған күйі аяқталады. Яғни, бұл әлі шешімін таппаған сұрақ. Демек, жігіттер ұсыалтып бара жатыр деген сөз. Былапыт сөз бен жеңіл-желпіге әуес жігіттер осындай қыздардың отырып қалуына кінәлі ме? деген ойға жетелейді фильм. Ешқандай боғауыз жоқ. Жұп-жұмыр...

Бізге осындай фильмдер керек-ақ. «Асқазанымыз мымыздан ақылды. Өйткені, асқазан керегін ғана қабылдаса, ми бәрін қабылдай береді» депті Шыңғыс Айтматов. Сол себепті, жас буынға қолға түскенді ұсына бермей, талғамын көтеруге тырысайық. Ертеңіміз еңселі болсын десек, бүгін ойланайық. Анайы сөздер мен мәдениетсіздікке толы сериалсымақтардан арылып, тағылымды дүниені көбірек түсірейік. Бұл барлығымыз ойлануға тиісті ортақ сұрақ.

Ал, Сіз ше, қандай фильм көріп жүрісіз?..

• ТЕННИС

Тартысты өткен турнир

Қарағанды қаласындағы «Жастар» спорт кешенінде 5-6 сәуір күндері үстел теннисінен тірек-қимыл аппараты зақымданған спортшылар арасында республикалық ашық турнир өтті. Оған еліміздің әр аймағынан командалар келіп қатысты. Турнирге халықаралық дәрежедегі төреші Александр Брежнев қазылық етті.

Ашылу салтанатында Қарағанды облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев пен

тықтау сөз сөйледі.

Ашылу салтанатында аталған спорт түрінен республикалық турнирлердің жеңімпазы Хамит

Турнирдің бірінші күнінде олар әр санатта сынға түсті. Екінші күні 10 топ бойынша жеңімпаздар анықталды. Командалық есеп қорытындысында жерлестеріміздің мерейі үстем болды, келесі орындарға костанайлықтар мен ақмолалықтар табан тіреді. Тартысты додада І орын алғандарға ақшалай сыйлықтар беріліп, қалған екі орынның жүлдегерлеріне мадақтамалар мен медальдар табысталды.

Тартысты доданы ұйымдастырып, өткізуге атсалысқан Қарағанды Жастар ресурстық орталығының «VolteQ» волонтерлік ұйымына облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының Алғыс хаты табысталды.

Еркеназ ХАНАТБАЙ,
С.Асфендияров атындағы
ЖББ мектебінің
11-сынып оқушысы

ШАХТИНСК
СУРЕТТЕ: турнир жеңімпаздары

• КӨЛІК

Саяжайларға автобус жүреді

15 сәуірден бастап Қарағандыда саяжай маусымы ашылады. Қала әкімдігінің хабарлауынша, саяжайға 6 автобус жүреді.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалада алты автобус саяжай бағыты бойынша жүреді: №10 п, 11д, 21д, 60д, 75д, 76д. Маршруттарда бір автобус (№11д қоспағанда) іске қосылады. №10 жол қозғалысы ережесі, №60д, 75д және №76д маршруттары 15 сәуірден 1 мамырға дейін демалыс күндері



ғана жүреді. №11д және №21д автобустар күн сайын жолаушы тасымалдайды.

Сондай-ақ, №7 және №42 қалалық маршруттар қосымша рейстерде қатынайды.

• ТІЛ – ҚАЗЫНА

Жазасын өтеушілер қазақ тілін үйренеді

Сотталғандар мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өтті. Бұл – олардың жазасын өтеу мерзімі аяқталғаннан кейінгі өмірге дайындық болмақ. Оны Қарағанды және Ұлытау облыстары бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі №36 мекемесінің әкімшілігі ұйымдастырды. Ал, қазақ тілін үйренуге арналған 3 айлық курсты Шахтинск қаласындағы «Бастау» оқу-әдістемелік орталығы өткізді.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Курс барысында қауіпсіздігі барынша төмен мекемесіндегі сотталғандар грамматика негіздерімен танысып, сөздік қорын толықтырды және әңгімелесу дағдыларын жетілдірді. Емтихан тапсырғаннан кейін сотталғандарға курстарды бітіргені туралы сертификаттар табысталды. Жыл басынан төрт сотталған курстан өтті, ал үш адам әлі де оқуда.

– Жазасын өтеушілерді босатуға дайындау олардың еркіндікте «жаңа өмір» бастауы және болашақта қылмысты қайталамауы



қажет. Мемлекеттік тілді оқыту олардың тілге деген құрметін арттыруға ғана емес, одан бөлек,

бостандықта жұмыс табуына да ықпал етеді. Тіпті, оқшауланғаннан кейін қоғамдағы өмірге бейімделуге көмектеседі, – дейді №36 мекеменің сотталғандар арасын-

дағы тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы, әділет майоры Гүлбакыт Дауылбаева.

• ТАҒЫМ

Ата-анамыздың бейнесі мәңгілік есімізде

Сайын далада өскен қазақ еркін ұшқан азат құс сияқты. Алайда, туған жеріне бөтен-бөгделер аттап басса, баласына дейін қолына қару алып, қарсы аттанары – бұлжымас қағида. Соның бірі Бөгенбай еді. Ұзақ тағдырын тек қана елін, жерін қорғауға арнаған батырдың ерлік өмірі – ұрпағына үлгі, еліне мақтаныш болып қалды.

Бөгенбай батыр – шығыс әлемінің ұлыларының бірі.

Алыс 1924 жылы Ақмола облысы Ерейментау ауданы Шәкей ауылында Бөгенбай батыр ұрпағы боп тараған Бекболат – Рүсәй отбасында кіші ұлы Иманғали дүниеге келді. Туған анасынан үш жасында ерте қалған, әкеміз өмір қиындықтарын көрді. Қар жауып, із басылды дегендей, тағдырдың сынақтары мен емтихандарынан өтіп, өмірінің аяғына дейін жетістіктерге жете білді.

Бекболат ата – Рүсәй әжемізден қалған тұяқтар: Биби ана, Серікбай ата, Иманғали әкеміз (барлығы да о дүниелік). Ол кісілерден тараған ұрпақтары: ұл-қыздары, немере-шөберелері ата-әжелерін еске алып, алақан жайып, Құран бағыштауда.

Туған анасы Рүсәй қайтыс болып, өте жас қалғаны соншалық, анасының келбетін де, оған деген аналық мейірін де сезіне алған емес. Аса өкініштісі, суреті де болған емес, заман солай болған соң не амал бар?! Рүсәй әже өмірден өткен соң, Бекболат ата екінші рет Төкен әжесі үйленіп, олардан келесі ұрпақтар тарайды: Мәкіш, Дәмеш (екеуі де о дүниелік), Тілектес, Кенже. Тілектес, Кенже – әкеміздің қарындастары, бүгінгі күні аяулы, сүйкімді, ардақты ана-әже болып, бала-шағасы, немере-шөберелері арасында өмір сүріп жатыр.

Иманғали әкеміздің балалық шағы алдымен ашаршылық, одан кейін Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді. Ауыл мектебінде оқып, хат таныды. Еңбек жолын совхозда кассир, бухгалтер болудан бастады.

1942 жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскер қатарына шақырылды. Неміс фашистерімен әлі соғысып жатқан кез, әкеміз майданға аттанды. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген халық даналығының растығын ол өз басынан өткергенде көзі жеткен. Қанды қырғын соғыстан аман қалды, аяқ-қолы бүтін, омырауын орден-медалыға тойтарып, туған елге 1946 жылы оралды.

Соғыстан соң ПХК(НКВД) қызмет істеп жүрген кезінде әкеміз біреулердің соңына түсіп, қуғынға ұшыратқан, жазықсыз жазға тартқан кезі болған жоқ. Кейбір келендіктер үшін ескерту жасаған уақыттары болған. Соғыстың сұрапылынан аман қайтып, отбасын құрып, жар құшып, ұл-қыз, немере-шөбере сүйді, шаруашылықтың



сан саласында қызмет атқарып, қоғамға өз үлесін қосты, ел-жұрттың абыройына бөленді яғни, өкінішсіз өмір кешті.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді қазағым. Талайлардың жүрегінен жылы орын алған Иманғали әкеміздің көзден кетсе де, көңілде сақталары күмәнсіз.

...Уақыт керуен тоқтаусыз

өтер-кетер,

Жас еркен бабаларға тағзым етер.

Қанға сіңген атаның қасиеті

Өнеге боп ұрпаққа ісің жетер.

Соғыс және еңбек ардагері Иманғали Бекболатұлының Отаны мен ел-жұртына сіңірген еңбегі, жақсы істері, өнегелі өмір жолы бүгінгі ұрпағының есінде сақталып қалары анық.

Сонымен, әкеміз 1948 жылы Шәмшия аңамызбен кездесіп, отбасын құрды. Аңамыз Шәмшия әке-шешесінен ертерек айырылып, жетімдіктің тауқыметін көп тартып өсті. Балалық шағында туыстарының бауырында тәрбиеленіп, өмірдің зардабын шекті. Ғұмырының елу жылдан астам жан серігі болған Шәмшия Нұрғалиқызы екеуінің отбасында 11 бала дүниеге келді. Бүгінгі күні қыздары Майдаш, Жайдарман, Сәуле (үшеуі де о дүниелік.)

Бұл отбасында мұғалім, инженер, зоотехник, мал дәрігері, адам дәрігері, заңгер, бухгалтер, экономист, аудармашы, биші де бар. Ұл-қыздары, немере-шөберелері бәрі жоғары білімді, түрлі мамандықтары менгерген. Әрқайсысы өз бетімен үлгілі отбасы ретінде қоғамға үлес қосуда.

Әкеміз, аңамызға қарап, біз де өстік. Әкемізден үлгі-өнеге алуға тырыстық. «Білікті бірді, ал білімді мыңды жығады» дегендей, біріміз жоғары білім алуға талпындық. Ата-анамыз осы мақсатқа жетуімізге үнемі жағдай жасап отырды. «Ата – балаға сыншы» деп халқымыз тегін айтпайды ғой. Шаруашылықта қанша жұмысы көп болып, одан кеш оралса да, әкеміз бізді тәрби-

елеуге көп көңіл бөлетін, әрқайсымызбен жеке сөйлесіп, сырласуға, әкелік ақылын айтуға жалықпайтын. Біздің әрбіріміздің қандай қабілетіміз бар екенін дөп басатын. Бізге: «Балаларым, сендер өскенде қандай мамандықтарды тандайсыздар?» деп сұрайтын. Бізді тыңдап алатын да, өз ой-пікірін айта-тын.

Ұрпағына үлгі болып Иманғали әкеміз 55 жасында Целиноград ауыл-шаруашылық институтының зоотехния факультетін тәмамдап, біраз жыл Осакаров совхозында бас зоотехник ретінде қызмет істеді. Әке жолын қуып, кенже ұлы Мейрім аталмыш институттың зооинженер мамандығын иеленді, қыздары Жаңыл мен Айгүл бірі – жер орналастырушы, екіншісі – мал дәрігері маманы.

Әкеміз 1998 жылы 13 сәуірде дүниеден өтті. Тірі болса, биыл 100 жасқа таап қалар еді. Міне, әкеміз ортамызда жоқ. Бірақ, оның есімі жүрегімізде мәңгі сақталады, жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын дегіміз келеді.

Бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлағандары үшін әке-анамызды мақтан тұтамыз, ешқашан ұмытпаймыз. Өздеріңді сағынып, іздеп, құрметтеп шығарып салған ұрпағыңа жарқын болашақ болсын, рухтарың баршамызды жебеу жүрсін.

Өлім – хақ, өмір – өткінші, жандарыңз жәннатта болып, нұрларыңыз пейіште шалқып, жатқан жерлеріңіз жайлы, топырақтарыңыз торқа болсын, сүйікті әке-анамыз.

Уақыт-ай тұрағың жоқ алып ұшқан. Өмірдің бірі – ұзын, бірі – қысқа. Жарқылдап жүруші едіңіздер

ортамызда,

Айналып енді бүгін сағынышқа. Күнде сіздерді еске алып жатамыз, Сағыныштың кермек дәмін

татамыз.

Дұғамызды бағыштаймыз әрқашан, Қабыл болсын біз жасаған батамыз.

Балалары, немере-шөберелері

®

• ХАБАРЛАНДЫРУ

«АТАМНЫҢ АМАНАТЫ» қоғамдық бірлестігі екінші дүниежүзілік соғыста хабар-ошарсыз кеткен азаматтарды іздегіріп, жерленген жерін белгілеу үшін тізім жазуды қолға алды.

Отініш беру үшін төмендегі мәліметтер керек: (барлық сұраққа толық жауап берулеріңізді өтінеміз)

- Атаңыздың аты-жөні.
- Туған жылы (шамамен).
- Қайдан шақырылған (ауыл, село, аудан, облыс).
- Әйелінің, ата-анасының, ағайындарының, апа-қарындастарының аты-жөнін білсеңіздер, жазыңыз.

Әрбір есім маңызды, сонда іздеуі оңай (көптеген қазақ, түркі тегі, аттары дұрыс жазылмаған,

бұрмаланған) болады.

5. Ресейдің мұрағаттарында іздедіңіздер ме? Ресейлік «ОБД Мемориал» сайтында деректер бар ма? Егер мұрағаттардан, Боздақтар» кітабында, сайттарда мәлімет бар болса, бізге жіберу қажет.

6. Іздеушінің аты-жөні: туыстық дәрежесі; мекенжайы; Хабарласу үшін 1-2 телефон нөмірі; Электрондық пошта адресі.

Барлық сұрақтарға толығырақ жауап берулеріңізді өтінеміз.

- Іздеу мақсатыңыз: •жерленген жерін анықтау; •сарбаздың тағдырын анықтау; •ұрыс жолын анықтау.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексінің мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz ®

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агро-өнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы» ММ-нің ұжымы Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині және фитосанитариялық бақылау бекеттері жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маманы **Дәулетбек Райымбекұлы ТОЙБЕКОВТІҢ** қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. ®

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингі ұжымы «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бұрынғы қызметкері, ақын Жұлдыз Тойбекке **бауыры Дәулетбек Райымбекұлы ТОЙБЕКОВТІҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы: ауа райы				
	13 сәуір		14 сәуір	
Қарағанды қаласы	+18	+3	+19	+8
Абай ауданы	+7	-3	+11	+2
Ақтоғай ауданы	+4	-3	+15	0
Бұқар жырау ауданы	+4	-4	+10	-1
Қарқаралы ауданы	+5	-5	+10	0
Нұра ауданы	+6	-3	+8	+1
Осакаров ауданы	+4	-4	+9	-2
Шет ауданы	+4	-3	+12	0

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

• ТҰЛҒА

Абырой төріндегі академик

Жыл сайын Ғылым қызметкерлері күніне орай «**Bolashaq**» академиясында академиктер ұлықталады. Биыл да дәстүрге сай, академияның мәжіліс залында философия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, ҚР ІІМ-нің құрметті ардагері, отставкадағы полиция полковнигі Нәби Елікбаевпен кездесу ұйымдастырылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге академия оқытушылары, студенттері және облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі мемлекеттік архивінің қызметкерлері қатысты.

Ғылыми-зерттеу, ізгілікті педагогика және педагогикалық тәлімгерлік орталығының басшысы, заң ғылымдарының кандидаты Елеужан Серімов тізгіндеген игі шара Н.Елікбаевтың өмір жолын, еңбектерін насихаттау мақсатын көздеді.

Профессор Нәби Елікбаев 58 жыл білім ағарту саласында қызмет атқарған. 300-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Атап айтсақ, «Социализм және ұлттық психология» (1978), «О национальной психологии казахской нации» (1991), «Ұлттық психология» (1993), «Қазақстан-2030: Қазақ ұлты психологиясының методологиялық негіздері» (1999), «Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы» (2000), «Ұлттық тәрбиенің бастауы» (2013), «Қазақстандағы құқықтық тәрбие мәселелері» (2013), «Қоғамның рухани жаңғыруы – өзекті мақсат» (2018), «Саясаттану негіздері» (1997), «Әлеуметтану негіздері» (2007) атты еңбектері бар. Ұзақ жылдық табанды еңбегі бірқатар



мемлекеттік наградамен марапатталған.

Нәби Елікбаев – 1944 жылы 29 мамырда қазіргі Түркістан облысы, Шаян ауданы Майбұлақ ауылында туған. 1961 жылы Шаян орта мектебін күміс медальмен бітіріп, 1973-1976 жылдары ҚазССР Ғылым академиясы Философия және құқық институтының аспирантурасын

тәмамдап, кандидаттық, докторлық диссертациясын сәтті қорғаған. Көп жылдар бойы қазіргі ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында ұстаздық етті. Қазір «Bolashaq» академиясында профес-



сор лауазымында.

Кездесу барысында облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі мемлекеттік архивінің басшысы Темірғали Аршабеков Нәби Елікбаевтың жеке қорын ашып, тұрақты сақтауға қабылдауға келісімшарт жасады. Бұдан былай академиктің бүкіл еңбегі мен наградалары мем-

лекеттік архивте сақталады.

Кездесуге қатысушылар тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Ермек Адамбеков, ішкі істер органдарының ардагері, облыстық ІІО ардагерлер қоғамының мүшесі Жеңісбек Сүйіндіков, тарихшы ғалым Еламан Қасенов Н.Елікбаев туралы өмір деректерін, қызғылықты



естеліктерін ортаға салып, ойларымен бөлісті. Мемлекеттік архивтің қор сақтаушысы Нұрбатима Зайырқызы студенттерге мұрағат қорлары туралы әңгімелеп берді.

Кеш соңында Темірғали Аршабеков академикті Алғыс хатпен марапаттап, білім алушылар гүл шоғын ұсынды.

• АЭРОҒАРЫШ

Жаңа экипаж жасақталды

АҚШ-тың NASA ғарыш агенттігі жарты ғасыр үзілістен кейін Айға ұшатын төрт ғарышкердің есімін жариялады. Ерекшелігі – алғаш рет Айға әйел адам ұшпақ. Сәтін салса экипаж мүшесі Кристина Кох алғашқы әйел астронавт ретінде тарихта қалғалы тұр.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұнымен қоса, айға сапар шегетін алғашқылардың қатарына Виктор Гловерді де жатқызуга болады. Өйткені, бұған дейін зау биікке мүлдем афроамерикалықтар көтерілмеген еді. Сондай-ақ, экипаж қатарына Рид Уайзман мен Джереми Хансен қосылды.

Ғарыш кемесін келесі жылдың аяғында немесе 2025 жылдың басында ұшыру жоспарланып отыр. Бұл жолы олар Айға қонбайды, бірақ келесі экипаждың қонуына мүмкіндік жасап келуді мақсат қылып отыр.

Экипаж құрамындағы АҚШ-тың үш азаматы мен Канада азаматы Хьюстондағы салтанатты рәсімде көпшілікке таныстырылды.

NASA ғарыш агенттігі экипаж құрамына Америкадағы түрлі әлеуметтік және этникалық топтарының өкілдерін енгізу туралы уәдесін орындағанын жеткізді. NASA қызметкерлері «біз ғарышты игерудің жаңа дәуірін ашамыз», дейді. Қазір жасақталған экипаж қызу дайындық жүргізіп жатыр. «Артемиды II» (Artemis II) код атауын алған миссия «Орион» ғарыш кемесі басқарған алғашқы миссия болып табылатынын да тілге тиек ете кетейік.

Экипаж құрамы:

Рид Уайзман (47 жаста): АҚШ Әскери-теңіз күштерінің ұшқышы, NASA астронавтар бөлімін басқарды. Ол 2015 жылы Халықаралық ғарыш станциясына алдыңғы ғарыштық миссияларының бірінде ұшты. Виктор Гловер (46 жаста): АҚШ Әске-



ри-теңіз күштерінің сынаушы ұшқышы. Ол NASA-ға 2013 жылы қосылып, 2020 жылы алғаш рет ғарышқа ұшқан. Ғарыш станциясында алты ай жұмыс істеген алғашқы афроамерикалық. Кристина Кох (44 жаста): инженер-электрик. Ол ғарышта ең ұзақ уақыт (328 күн) болып, рекорд жасады. NASA

астронавты Джессика Меирмен бірге 2019 жылдың қазан айында алғаш рет әйелдердің ғарышқа ұшуына қатысты. Джереми Хансен (47 жаста): Канада ғарыш агенттігіне келмей тұрып, Канада Корольдік Әуе күштерінде истребитель ұшқышы болған. Бұл – оның ғарышқа алғашқы ұшуы.

• ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ – ОРТАҚ

Кәдеге жараған қақпақтар

Пластиктің екі жүз жылға жуық уақыт ыдырайтындығы белгілі. Пластмассалар жерге түскенде ұсақ бөлшектерге ажырайды да, қоршаған ортаға зиян химиялық заттар бөле бастайды. Бұл ғалымдар дәлелдеген тұжырымдама. Ал, балқаштық Юрий Воробьев кәдімгі пластикалық қақпақтарды кәдеге жаратып, үйінің кіреберісін қаптап, мозаикалық суреттермен безендіріп, қабырғаға ерекше әр берген.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

65 жастағы шебер – Юрий Воробьев Балқаштың байырғы тұрғыны. Оның көпқабатты үйге қоныстанғанына 20 жылдан асқан көрінеді. Пластикалық қақпақтармен үйдің екі қабатын безендіру үшін төрт жыл уақыт жұмсаған. Оған 60 мыңға жуық қақпақ қажет болыпты. Шебер қақпақтарды таныстарынан, достарынан және сауда орындарының алаңынан жинаған. Ерітінді ретінде плитқа желімін, цементті пайдаланған. Портативті картиналар жасау кезінде оларды нейлон жіптерімен немесе жәй жіппен тігеді екен.

– Бұрын жергілікті комбинатта слесарь және шебер болып жұмыс істедім. Ағаш оюмен айналыстым. Зейнетке шыққаннан кейін пластикалық қақпақтардан сурет салумен шұғылдандым. Кейбіреулер пластикалық қақпақтардан саяжайларға жол салады. Мен




кіреберісті безендіруді жөн санадым. Пандемия кезінде бастаған едім. Бірінші жұмысым – маска және көз. Сол уақытта барлығы бетперде киді, бұл символ болды. Содан кейін қалған суреттер пайда болды. Едендер мен қабырғаларды қақпақтармен қапта-



дым, көрініс мозаика сияқты шықты. Өткен жылы барыстың суретін жасадым. Биыл Қоян жылы болған соң қоянды бейнеледім. Қолымнан шыққан туындылар көршілерге ұнайды, – дейді Юрий Воробьев.

Тұрған жеріміздің әдемі және жайлы



болғанын қалаймын деген шебер туындыларының адамдарға ұнағанына қуанышты. Өз ісін сүйіп жасайтын Юрий былайғы уақытта көршілерінің қранын жөндеуге, пластикалық құбырларды ауыстыруға көмектеседі екен.

БАЛҚАШ

• СУДА ЖҮЗУ

Жаһандық

жарысқа жолдама

Талдықорған қаласында жүзуден ел біріншілігі өтті. Оған еліміздің 16 өңірінен 300-ден астам спортшы қатысты. Ең қызығы, бұл бәсекеде Қазақстанның бес рекорды жаңарды.

Аталған рекордшылардың ішінде біздің жерлесіміз де бар. Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтегі (Теміртау) мектеп-интернат-колледжінің тәлімгері Ксения Игнатова 200 метр қашықтықты бағындырып, 02:14, 17 нәтижесіне қол жеткізді. Бұл – айтарлық жетістік, жаңарған рекорд.

Турнир су спорты түрлерінен Жапонияның Фукуока қаласында өтетін әлем чемпионатына іріктеу еді. Еске сала кетейік, Ксения бұған дейін жүзуден бес алтын медаль еншілеген жалғыз қарағандылық спортшы.



• ДЗЮДО

Біздің балуандар

бабында

Алматыдағы Балуан Шолақ спорт сарайында дзюдодан Бекет Махмудовты еске алуға арналған Азия кубогі өтті. Дүбірлі додада қарағандылық Шерхан Алпанов 90 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды.

Татамиде тартысқа түспекке Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Грекия, Қытай, Грузия елдерінен біршама палуан жиналды. Бұл сында сүрінбегендерге «Париж-2024» Олимпиадасына жолдама әперер ұпай берілді.

Сонымен қатар, 70 келі салмақта Руслан Махатов қарсыласын тізе бүктірді. Ақтық сында Қазақстан құрамасы ұпай санымен алғашығы, бас жүлдеге ие болды.



• ТЕННИС

Ел үміті – Юлияда

Beeline Arena Ұлттық теннис орталығында әлемдегі ең беделді әйелдер командалық турнирі – Билли Джин Кинг кубогына дайындық кезеңі жүріп жатыр.

Қазақстан мен Польша командаларының ойыншылары Астанаға келіп, жаттығуға кірісті. Ойын алдында Анна Данилина мен Юлия Путинцева арнайы жаттығу қордын бірінші болып сынақтан өткізді.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан құрамасы 14-15 сәуірде Билли Джин Кинг кубогының іріктеу матчын Польша командасына қарсы өткізеді.

Бұл кездесудің жеңімпазы әлем чемпионатына жолдама алады.

Матчтар Астана уақыты бойынша сағат 13:30-да басталады. 14 сәуірдегі бірінші ойын күні екі жекелей кездесу өтеді, ал келесі күні 15 сәуірде екі жеке және бір жұптық ойын жоспарланған.



Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ0030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyyk.kz@gmail.com; ortalyyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№941 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**